



# Сыр бойы



№71-72  
(19749-19750)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

18 мамыр /СЕНБІ / 2019 жыл



АЙМАҚ/2

**Көш басындағы акционерлік қоғам**



АЛТЫН ТІН/3

**Дәстүрді жаңғыртқан Салтанат**



«СЫР БОЙЫ» – 90/5

**Әкемнің қаламы өзіме мұра болды**



КЕЗДЕСУ/8

**«Ақмешіт жастары» достарын шақырады**

## Экономикалық жоспарлаудың жаңа қырлары

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Шабыттандырушы өсім: адамдар, қалалар, экономикалар» атты XII Астана экономикалық форумына қатысты.**

Форумның пленарлық отырысының қатысушылары алдында сөз сөйлеген Қазақстанның Тұңғыш Президенті Астана экономикалық форумының өңірлік және жаһандық сын-кәтерлерге төтеп беру үдерісіндегі маңызды рөлін атап өтті.

– Алдыңғы жылдары осы жерде талқыланған ұсыныстар мен идеялар Қазақстанға жаһандық сын-кәтерлерді уақытылы ескеріп, қиындықтарды табысты еңсеруге мүмкіндік берді. Дамудың қазақстандық моделі қалыптасқан



жағдайлар мен болжамдарға қарамастан, өзінің тұрақтылығы мен тиімділігін дәлелдегенін білесіздер. Біз өршіл мақсаттар қойып, соларға қол жеткізе алдық, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Пленарлық отырыс барысында Елбасы жаһандық экономикадағы соңғы өзгерістер туралы пікірін ортаға салып, мемлекетаралық диалогты жақсарту үшін бірқатар идея ұсынды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті сөйлеген сөзінде әлемдік экономиканы дамыту, цифрландыру, білім беру үдерістерінің трансформациясы, адам капиталына қойылатын талаптардың күшеюі, сондай-ақ урбанизация перспективалары сияқты мәселелерге тоқталды.

– Экономикалық жоспарлаудың көкжиегі тарылып келе жатқанын білесіздер. Күрделі жағдайлардан

шығу жолдарын Біріккен Ұлттар ұйымы, G-20, Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты халықаралық ұйымдар мен форумдар аясында табуға болады. Бірлесіп талқылау мен басқаруға көшетін кез келді. Таяуда Бейжіңде өткен «Бір белдеу, бір жол» II форумында мен «Үш Д» жаңа геосаяси ахуалы негізінде тұрақты жаһандық архитектураны қалыптастыруды ұсындым. Бұл дегеніміз – үш деңгейде диалог орнату, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Елбасы Астана экономикалық форумы алаңында халықаралық диалог форматын кеңейту үшін шаралар қабылдауды ұсынды.

– Осы жерде айтылған идеялар әлемдік саясат пен экономиканың ең күрделі және өзекті мәселелеріне қатысты шешімдер табуға септігін тигізетініне сенімдімін, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

### СЕССИЯ

**Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс 30-сессиясы өтті. Депутат Нұридін Әмиров төрағалық еткен сессияға облыс әкімінің орынбасарлары мен кеңесшілері, мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.**

Назерке САНИЯЗОВА.

## Әлеуметтік салаға басымдық беріледі

Сессияның күн тәртібіне ұсынылған мәселелер алдымен облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының бірлескен отырысында жан-жақты талқыланды. Ол жөнінде облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай кенінен тарқатып айтты.

Бірінші мәселе облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 12 желтоқсандағы «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №271 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты болды.

– Облыстық бюджеттің кіріс көзін 3 млрд 441 млн 533 мың теңгеге ұлғайту жоспарланып отыр. Аталған қаржы қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемдер, жұмыс берушілердің Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беруі немесе мерзімді ұзартуы, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері сияқты бірнеше бағытты қамтиды. Осындай өзгерістерге сәйкес облыстық бюджетті 33 млрд 413,1 млн теңгеге нақтылау ұсынылды, – деді Н.Қордабай.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бойынша Сыр өңірі еліміздегі үздік бес аймақтың қатарында екені белгілі. Осы бағыттағы жобаларды жүзеге асыру әлі де жалғаса береді. Бюджетті нақтылау кезінде 4 жоба мемлекеттік міндеттемелерді орындауға, 3 жоба консультативті қолдау көрсетуге және конкурстық құжаттарды сараптамадан өткізуге арналды. Республикалық бюджеттен қаржыландырылған инвестициялық жобаларды қоса қаржыландыруға 37,1 млн теңге жоспарланды.

Жергілікті жеке кәсіпкер Қайрат Орынбасарұлы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында Қызылорда қаласының Ақсарма ауылдық округінде 150 орындық мәдениет үйін салуға ниетті. 2,5 мыңнан астам халқы бар елді мекенде мәдени-көпшілік шаралар әзірге балабақша ғимаратында ұйымдастырылып келеді. Көпшіліктің тілегімен кәсіпкер клуб ғимаратының құрылысын осы жылы 3 ай ішінде аяқтауға уәде беріп отыр.

Сессияның күн тәртібіне ұсынылған мәселелер бекітілген соң облыс әкімінің орынбасары Қ.Ысқаков аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму динамикасына шолу жасады. Айтуынша, республикалық бюджеттен облысқа 26,3 млрд теңге трансферттер бөлінді. Оның 21,5 млрд теңгесі – ағымдағы нысаналы, 4,8 млрд-сы – нысаналы даму трансферттері.

– Республикалық бюджет қаржысының қосымша бөлігі немесе 7,4 млрд теңге халыққа атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін бөлінді. 2019 жылдың маусымынан бастап азаматтық және мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттағы жалақысын көтеруге 9,7 млрд теңге қарастырылды. Халықтың әлеуметтік осал топтарына арнап тұрғын үй салу үшін қосымша қаражат жұмсалды, – деді Қ.Ысқаков.

Күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты депутаттар ұсыныс-еркертпелер айтып, өздерін толандыратын сұрақтарға жауап алды. Нәтижесінде тиісті шешімдер қабылданды.

### БАСТАМА

## Ет өнімдері экспортты еселейді

**Өңірімізде ет комбинатының іргетасы қаланды. Облыс орталығына іргелес орналасқан Талсуат елді мекенінде құрылысы басталған бұл ірі жоба өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және ет өнімдері экспортты арттыруға мүмкіндік береді.**

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ардагерлер, тиісті сала басшылары, ауыл тұрғындары қатысты.

– Облысымызда индустриялық даму бағдарламасы нәтижелі іске асырылып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өте маңызды бірқатар өндіріс орындарының құрылыстары басталды. Облыс экономикасын индустрияландыру мәселесі өте маңызды болғанымен, ауыл шаруашылығы қашанда ел экономикасын алға сүйрейтін жетекші саланың бірі ретінде қала береді. Елбасының тапсырмасына сәйкес қазір елімізде «Етті мал шаруашылығын дамыту» бағдарламасы қабылданып іске асырылуда. Өздеріңіз білетіндей, 2016 жылы облыс буферлік аймақтан шығарылып, ет экспорттай-

тын аймақтардың қатарына енді. Дегенмен, аймақта халықаралық стандартқа сай ет комбинатының болмауынан біз бүгінге дейін ірі қара, қой, түйе малын тірілей экспорттап келдік. Ендігі жерде ет комбинатын іске қосу арқылы біз ет экспорттың ұлғайтатын боламыз, – деді облыс әкімі.

Комбинат іске қосылған кезде вакуумдық қаптамада жылына 5 мың тонна ет өндіруге, 25 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады. Сондай-ақ, бұл жобаны іске асыру арқылы 9 млн гектар жайылымдық жер айналымға қосылып және ауыл тұрғындары үшін тұрақты жұмыс орны ашылады.

Ет комбинатының инвесторы «Сыр маржаны» ЖШС директоры М.Өтеев ет өнімдерін өңдеу қалдықсыз жүзеге асырылатынын атап айтты.

– Комбинат іске қосылғанда тәулігіне 250 бас ірі қара, 1000 бас қой сойылады. Комбинат екі бөліктен тұрады. Бір бөлігінде мал сою жұмыстары атқарыла, екінші бөлігінде етті сақтау қызметі жүзеге асырылады. Сонымен қатар, комбинатта шұжық, консервтегі ет өнімдері шығарылады. Мұндағы өнімнің 60 процентін экспортқа шығаруды жоспарлаудамыз және қазірдің өзінде келісімдер жүргізілуде. Тағы бір атап айтарлығы, ет өнімдері қалдықсыз өңделеді. Қалдықтан ит пен мысық тамағын дайындау және тынайтықшы шығарып, экспорттау ойда бар. Мұнан бөлек, ірі қара мүйізін мен терісін өңдеу цехтары да алдағы уақытта іске қосылады, – дейді ол.

Айта кетейік, аймақта 2022 жылға дейін Агрокарта әзірленіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттың 5 есеге ұлғайту көзделген. Алдағы үш жылда ауыл шаруашылығы кешенін дамыту бойынша 76 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл өз кезегінде 500-ден астам жаңа жұмыс орны ашуға мүмкіндік береді.



### КӨРМЕ

**Елбасы кітапханасының ұйымдастыруымен бір айdan астам уақыттан бері аймақ халқы Қызылорда Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбек жолымен таныстырып келе жатқан көшпелі көрме Байқоңыр қаласында жалғасын тапты.**

## Елбасы кітапханасы Байқоңырда



№277 мектеп-лицейге орналастырылған көшпелі көрмені тамашалауға жиналған жұртшылық алдында облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов сөз сөйлеп, көрменің маңыздылығы мен мақсаты және онда қойылған құнды жәдігерлердің ерекшелігі туралы баян етті.

Елбасы кітапханасы директорының орынбасары Күләш Ақтаева да көрме жайлы келелі пікір қозғалды.

– Байқоңыр қаласы тұрғындарына ұсынылып отырған «Тарихи таңдау. Бастамасы» атты көшпелі тақырыптық экскурсиясы Елбасының өмірбаяндық деректерін қамтып, өткен ғасырдың 60 жылдарында Теміртау қаласындағы металлургиялық зауытта жұмыс істеген кезеңнен басталады. Мұнда ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, ҚазКСР КП ОК Бірінші Хатшысы, Жоғарғы Кеңес Төрағасы және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қызметіне дейінгі тарихи өмір жолын баяндайтын материалдар бар. Бейнешежірелер мен фотосуреттер, мұрағаттық және басқа да құнды құжаттар сақталған. Елбасы кітапханасы құрамында мұражайы мен ғылыми орталығы, бірнеше университеті бар көшпелі кітапхана. Онда мыңдаған маман қызмет етеді. Кітапханада 30 мың кітап қоры мен Елбасының 1960 жылдардан бері өз

үйінде жинаған кітаптары бар. Осы ретте, ерекше бір айта кетерлігі, мұражай қорында сақталған жәдігерлер саны 11 мың болса, біз оның 1 мыңын Сыр бойы халқына таныстыруға ұсынып отырмыз. Осы шараға әкелінген жәдігерлер арасында Елбасының әр жылдары қолданған заттары мен шетелдік жоғары лауазымды меймандар тарту еткен сыйлықтар және түрлі картиналар бар, – деді.

Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысының орынбасары Николай Аласев өскелең ұрпақ үшін ғана емес, барша қазақстандықтар үшін маңызы зор осындай тағайымды шараны ұйымдастырушыларға алғысын айтты.

«Елбасы кітапханасының көшпелі көрмесі ұйымдастырған құнды жәдігерлермен танысып, мәнді мағлұмат алған қала тұрғындары мен оқушылар үйлеріне үлкен әсермен кетіп барады деген ойдамын. Өйткені, мұндай мүмкіндік көпке бұйыра бермейді. Елбасы жайлы біз әлі бүлмейтін құнды деректерге қанықтық. Байқоңырлықтар үшін тағайымды мол, тәрбиелік мәні зор болған Елбасы кітапханасы ұжымына айтар алғысымыз зор», – дейді №277 мектеп-лицейі директоры, Қармақшы аудандық мәслихаттың депутаты Жұмағұл Тілеуғабайлова.

Нұрбай ЖАНДІЛОВ.  
Байқоңыр қаласы.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

**2019 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.**


«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:  
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге.  
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

**Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.**



Сәрікестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және баспасөз бөлімінде (Бейбарыс Султан көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.

БАСПАСӨЗ – 2019



## Сіздің жарнамаңыздың орны

# Арал: кәсіпке үлкен бетбұрыс бар

Аралда кәсіпкерлік саласы қарқын алуда. Бүгінге дейін аудандағы шағын және орта бизнес саны – 4273-ке, жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілер 3693-ке жеткен. Оның ішінде заңды тұлға 208 болса, жеке кәсіпкер – 2940, ал шаруа қожалығы 545 болып отыр. Шағын және орта кәсіпкерлік санының артуы ауданның салық базасын ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Ержан ҚОЖАСОВ.

– Саладағы істердің серпін алуына «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» негіз болып отыр. Ондағы мақсат – шағын несие көлемдерін ұлғайтып, өз бизнесін ұйымдастыру мен кеңейту үшін кәсіп ашуға ұмтылған өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтарды жаппай кәсіпкерлікке тарту. Қазір бағдарлама аясында ұсынылған жобалар «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» ЖШС және «Аграрлық кредиттік корпорациясы» АҚ арқылы қаржыландырылып келеді. Сонымен қатар, кепіл мүлкі жетпеген жағдайда ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін шағын несие құнының 85%-не, ал жұмыс жасап тұрған кәсіп иелері үшін 50%-не дейін «Даму» АҚ және «Қазрокепіл» АҚ кепіл болып отыр. Бүгінде «Бастау-Бизнес» курсы бойынша 1-ші топта 39 адам оқып, сертификаттарын алса, екінші кезеге 47 адамның құжаттары жинақталуда, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Рахметжан Бисенбаев.

Бағдарламаға қатысу үшін тұрғындар алдымен аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы қызметіне жүгініп, «Бастау-Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқу курстарына жолдама алған. Осыдан кейін облыстық кәсіпкерлік палатасының Арал ауданындағы филиалы жанынан кәсіпкерлік негіздеріне бағытталған логикалық тұрғыдағы тест жүйесінен өтіпті. Кәсіп ашуға ынталы азаматтар тест тапсырған соң, «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 1 айлық оқу курсын ақып, тиісті сертификаттарын алған. Айтпа кетпес, оқу курсынан өтушілерге 18 мың теңге көлемінде шәкіртақы беріліп, шаралардың барлығы да тегін жүргізілген.

– Біз оқу курсынан өтуші азаматтарға бір ай ішінде бизнес жоспар әзірлеуді және өз кәсіптерін тиімді жүргізуді тәсілін үйретеміз. Бизнес жоспар жасалғаннан кейін несие алуға ниеттілер әуелі аудандық деңгейде құрылған комиссияның алдында жоспарларын қорғайды. Бұдан соң аудандан мақұлданған жоба облыстық комиссияның қарауына жіберіледі. Жолданған құжаттар облыстық комиссия тарапынан оң қорытынды алған соң, «Ауыл шаруашылығын



қаржылай қолдау қоры», «Арал ырысы» және «Өңірлік инвестициялық орталығы» секілді қаржы ұйымдары арқылы несиелендірілетін болады. Әрине, ол үшін кепіл мүлкі және несие тарихы дұрыс болуы қажет, – дейді Арал ауданы бойынша «Бастау-Бизнес» жобасының тренері Нұрсәуле Ембергенова.

Өз кәсібін ашуға ұмтылғандардың ішінде мүмкіндігі шектеулі Жәнісқұл Тәжидинова да бар. Ол осы кезге дейін өзінің тігін машинасымен колөнер бұйымдарын жасап, түрлі тапсырыстар алып келген. Жұбаға қатысып, арнайы курстан өткен Жәнісқұлдың ендігі мақсаты – қайтарымсыз грантка ие болып, кәсібін кеңейту. Сонымен қатар, арнайы құрылысқа қажетті кірпіш шығаратын цех ашуға жеңілдетілген несие алуға Мұрат Сманов та талаптанғы. Арнайы құрылысқа алуға 2 млн теңгеге жуық қаржыны қажет ететін бұл жоба комиссия сүзгісінен

өтсе, құрылысқа керек өнімді сырттан тасымалдамай-ақ, халық сұранысын осында қанағаттандыруға болатын сияқты. Ал Нұрғұл Тасқынбаева арнайы кілт жасайтын аппарат алып, өз бизнесін дөңгелетпекші.

– Біз кілтті көп жоғалтып жатамыз. Аралда мұндай кілттің баламасын жасайтын аппарат жоқ. Сондықтан кейде облысқа барып жасатып жатамыз. Болмаса, құлып ауыстыруға тура келеді. Бұл екі есе шығынға бату келеді. Бұл екі есе шығынға бату келеді. Бұл екі есе шығынға бату келеді. Бұл екі есе шығынға бату келеді.

Айтпа кетпес, биыл «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аудандағы филиалы «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 120 адамға кәсіпкерлік курсын оқытпақшы. Бір қуанарлығы, филиал кәсіпкерлерінің айтуынша, оқуға талаптанғандардың басым көпшілігін жастар құрап отыр.

Арал ауданы.

# Көш басындағы акционерлік қоғам



Жуырда аудан әкімі Мұрат Ергешбаевпен сұхбаттасудың сәті түсті. Әр салаға жеке тоқталған әкім кәсіпкерлікке келгенде әңгімені әрден бастады. Ел ішінде Қазалыны «кіші Түркістан» деп атайды. Өткен дәуірлердің өзінде Жер шарының бірқатар мемлекетіне үздіксіз керуен жүргізіп, сауда-саттық дамыған Қазалы өңірінің кәсіпкерлік бағытындағы төлімді тірлігі бүгінгі таңда да өзгелермен салыстырғанда шоқтығы биік. Аудандағы кәсіпкерлік нысандары тізімінің басында есімі жұртшылыққа жақсы танымал Самұрат Имандосов басшылық жасайтын «РЗА» акционерлік қоғамы тұр.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

– Атағы әлемге мәлім Ричард атты іскер азаматтың «Бәрін таста, ал да баста» деген қанатты сөзі бар. Осынау қысқа да нұсқа айтылған пікірде аңғарған жаңа нарға салмақ салатындай жүк жатыр. Самұрат Жұманұлының көпке үлгі болып жүрген жаңашыл дағдысын, ізденімпаз, еңбекқор, қайсар мінезін көргенде жоғарыдағы есті сөз үнемі ойыма оралады. Өзіңіз ойлап көріңізші! Көктемі кеш келіп, күзі ерте түсетін, жазы аптап, қысы қытымыр аймақта мал өсіру оңайға соқпаса хак. Самұрат Имандосов тұтынып отырған «РЗА» акционерлік қоғамы әзірлеген өнімдер Қазалының мақтаншы. Ауданның қаншама тұрғыны аталған ұжымда тұрақты еңбек етіп, отбасыларын асыраса, салыққа да қомақты түсім түсіріп отыр. Әлденеше іргелі ауылдың басты инвесторы. Мұндай жетістікке жету кез келген кәсіпкердің арманы. Сәкеннің әрбір қадамын аудан кәсіпкерлері үлгі тұтып, ұқсауға тырысады, – дейді ауданы әкімі.

Әкімнің пікірінен соң жұртшылыққа түрлі өнімдерімен танымал «РЗА» акционерлік қоғамының аяқ алысы, оның іскер басшысы Қызылорда облысы мен Қазалы ауданының құрметті азаматы, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Самұрат Имандосов туралы тарқата айтуды жөн санадық.

Өзінің жұмысын ғасыр тоғысқан тұста бастаған «разалықтар» арада өткен жылдарда небір асулардан өтті. Талай табысқа жету қолында телегей тер төгіліп, қыруар қаржы жұмсалды. Самұрат Жұманұлы бастаған акционерлік қоғам – қазір облыс көлеміндегі қуатты техникалық және өндірістік базасы, кәсіби шеберліктері жоғары мамандары, бай материалдық ресурстары бар беделді мекеме. Акционерлік қоғамда нақты кезеңде 1300 адам тұрақты еңбек етеді. Сонымен қатар, қоғамға қарасты «РЗА-Агро», «РЗА-Транс», «РЗА-Сүт»,



және шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларымен жаратқандырылған. «РЗА» АҚ аттестациядан өтіп, мүйізді ірі қара малының қара ала тұқымын өсіретін асылтұқымды шаруашылықпен танымал. 2006 жылы шаруашылықпен танымал «DÜCK Export-Import-Vermittlungen» компаниясымен келісім шарт жасалып, шұжық цехы іске қосылды. Мұнда шығарылатын «Одесская», «Крakovская», «Докторская», «Любительская», «Чайная», «Московская» және тағы басқа қакталған, жарғылай қакталған шұжық түрлері, сарделька, сосиска, тұшпара, тартылған ет, котлеттер тұтынушы талғамынан табылуда. Күрші өндірудің кластерлік жүйесін енгізу мақсатында Оңтүстік Кореядан «KoreaIndustrial CO LTD» компаниясынан сағатына 5 тонна күрші ақтайтын жаңа технологиялық желі алынып, күрші өңдеу зауыты іске қосылғалы да біршама уақыт өтті. «РЗА-Асыл түлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстанның индустриалдық даму қартасының белсенді қатысушысы аталғанын да айта кетейік. Бағдарлама

және шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларымен жаратқандырылған. – Инженерлік жүйеге келтірілген жердің 900 гектары «Мара» агрегатымен тегістеліп пайдалануға берілді. Алдағы уақытта мұны жылына 300 га жерге жүргізуді межелеп отырмыз. Билыдың өзінде 15 шақырым қашыртқы каналдары тазаланып, 7 шақырым дренаж қазылды. Бұл жұмыстар әлі де үздіксіз жалғаса беретін болады, – дейді шаруашылық басшылары. Акционерлік қоғамда мал азығын дайындауға да баса мән беріледі. Құнарлы жем-шөпшен қоректенген мүйізді ірі қарадан алынған өнім де көңіл көншітеді. Көктемнің жаймашуақ сәтін ұғырлы пайдалануды ойлаған шаруақор жандар уақыттың санасар емес.

«Ауылына қарап азаматын таны». Олай болса, туған жерінің гүлденуіне қомақты үлес қосып жүрген Самұрат Имандосовты қалай мадақтасқа та артықтық етпесі даусыз.

Қазалы ауданы.

# Қызметкерге сыйақы емес, бонус беріледі

Мемлекеттік қызмет саласында бірқатар өзгеріс бар. Оның алғашқысы – еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі. Өткен жылдан бастап аталған жүйе бірқатар мемлекеттік органдарға пилоттық режимде енгізілді. Жаңа жүйе бойынша әрбір мемлекеттік қызметші жылдық жеке жоспарын бекітеді. Онда нақты көрсеткіштер жазылған. Соған сәйкес, жұмыстың тиімділігі бағаланады, әрі қызметкерге бонус беріледі.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

Бұл туралы Қызылорда облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінде өткен онлайн брифингте айтылды.

Басқосуда агенттің аппарат басшысы Саян Ахметжанов бонусты есептеу әдістемесін түсіндірді. Аппарат басшысының айтуынша, бұл төлем қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, сонымен қатар міндетін адал атқаруға сеп. Ол үшін ҚР Ұлттық экономика министрілігі арнайы қаражат көлемін бекіткен.

– Агенттік пен оның аумақтық департаменттеріндегі әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерге бонус мемлекеттік органның бонустық қоры анықталған соң төленеді. Ал, құрылымдық бөлімшелердің бонустық қоры басының жеке жұмыс жоспарының орында-

луын бағалауға байланысты беріледі. Егер бөлімше басшысы қызметкерді бағалау қажет деп тапса, қызметкерлерге сыйақы тағайындалады, – деді Саян Ахметжанов.

Жиында агенттік төрағасы Айгүл Шаймова қазір мереке қарсаңында мемлекеттік қызметкерлерге берілетін сыйақылардан бас тартылғанын да айтты.

– Біз мерекелерге арналған сыйақылардан бас тарттық және қызметкерлерді ынталандыру мақсатында тек бонустарды пайдаланамыз. Ол жылына бір рет төленеді және бұл жұмыста айтарлықтай нәтижеге қол жеткізген қызметкерлерге беріледі, – деді Айгүл Шаймова.

Қосымша мәлімет ретінде айта кетейік, кез келген мемлекеттік қызметкердің бонусын арнайы құрылған комиссия анықтайды. Бонусты



есептеудің арнайы формуласына сәйкес, бағаланған процент мөлшері қызметкердің нақты атқарған жұмыс күндерінің санына көбейтіледі. Агенттікте орта есеппен алғанда әкімшілік қызметкерлерге жалпы сомасы 1,5 млн теңге мөлшерінде бонус төленген екен. Мәселен, агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы Нұралы Бақытжан өткен жылы жүргізілген бағалау нәтижесінің қорытындысымен 5 жалақы көлемінде бонусқа қол жеткізгенін айтады. Бұдан бөлек, департаменттің бас маманы Бағдат Әбдіқадиров та нәтижелі қызметі үшін жыл қорытындысында жоғары бағаға ие болып, соған сай үстемеақы алған.

# Отбасы – тәрбие мектебі

«Отбасы сағаты» жалпыұлттық республикалық акциясы аясында Серғали Толыбеков атындағы №3 мектеп-лицейде бала тәрбиесіне мүдделі мекеме қызметкерлерінің қатысуымен ата-аналар жиналысы өтті.

Айта кету керек, Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай, мемлекетіміздің барлық білім беру ұйымдарында жалпыұлттық республикалық ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Бұл мерекенің маңызы мен мағынасына тоқталып, оның екенін көрсетумен қатар отбасы қоғамның басты элементі екендігін айқындайды. Ата-ана мен мектеп ұғымдарын біріктіретін мәжілісте әр отбасында өзіндік дәстүр, ерекшеліктер болатыны айтылып, қалалық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ж.Қамитбекова кездесудің маңызы мен мағынасын түсіндірді. Жиында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Бердәулетов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының психолог маманы Ж.Бижанова, қалалық ішкі саясат бөлімінің теологы Ж.Қарғабаев және облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс бөлімшесінің бастығы Б.Кенжебаев баяндама оқыды. Ата-аналар маңызды сауалдарға мардымды жауап алып, өз ұсыныстарын білдірді. Мәжіліс соңында айтылған мәселелер бойынша мамандар алдағы уақытта тиісті шаралар қабылданып, бала тәртібі қатаң бақылауға алынатындығын жеткізді.

Галия БИСЕЙІТ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті.

EL IШИ – ӨНЕР КЕШИШІ

Қасиетті Сыр елінде Қорқыт атадан бастау алатын рухани құндылықтардың мол қазынасы бар. Алайда, соның бәрін халық кәдесіне асып жатыр деп айту қиын. Міне, сондықтан да ел ішінде ұмытылып бара жатқан мәдени мұрамызды қайта жаңғыртып, келешек ұрпаққа табыстау мақсатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы тарапынан «Жыр мұра» жобасы ұсынылып, аталған жоба өз жұмысын бастады.

# Кеудесіне күй сақтап, жүрегіне жыр көмген



Биылғы жылдың ақпан-наурыз айларында «Ұлы дала төсіндегі Сыр елінің фольклоры» атты экспедиция ұйымдастырылып, Қызылорда қаласы мен облысымыздың 7 ауданын аралап шығуы осы жоба аясындағы нәтижелі жұмыс болды. Бұл сапарда халық арасындағы құнды мәдени мұралар жинақталып, көшірмелері алынып, ел ішінде танылмай жүрген талантты өнерпаздардың орындауында жыр-термелер таспаға түсірілді.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просоциалдық орталығы жанынан құрылған жұмысшы тобы өз сапарын Арал ауданынан бастады. Экспедиция барысында атақты Дәрігүл жыраудың шәкірті Берекет жыраудың орындауындағы 40 минуттық мақам саз, Үмбетәлі жыраудың баласы Тәжібай ақсақалдың, Жұбаталы Қызылбай жыраудың баласы Мықтыбай ақсақалдың, Үркімбаев Дайрабай ақсақалдардың әңгімелері және осы өңірдегі жыршы-жыраулардың терме толғаулары жазылып алынды. Осы өңірден шыққан би-шешендер, батырлар, шашасына шаң жұтпаған жыраулар жайлы тың мағлұматтармен таныстық.

Қазыналы Қазалы жеріндегі экспедиция барысында белгілі шайыр Байназар Өтеповтің дауы мен қолжазбасы, сонымен бірге абыз ақсақалдарының айтуымен Бекарыстан билді, Сердалының Бекиорасы, Басықара, Көбес би, Мойнақ батыр туралы тың мәліметтер, Жәмет жыраудың баласы Абай Жәметұлының өзінің шығарған терме-толғау, дастандарының көшірмесі алынды.

Қармақшы топырағындағы сапарымыз жыраулықты жеті атасынан жанына серік еткен Жиенбай жыраудың ұрпағы Бидас Рүстембековпен дидарласуымыздан басталды. Сонымен бірге, Әлиқарп әкемізден осы өңірден шыққан сүйелдердің өмір тарихы туралы әңгімелері, Тұрмағамбет ауылының байырғы тұрғыны Сағынов Қалидұлланың жеке мұрағатынан ескі мақам-саздар жазылған 4 дана бобина ленталары алына, ақын әрі

жырау Әмзе Оспановтың баласы Оңдасыннан әкесінің қолжазбаларымен бірге 5 дана бобина лентасы, жырау Сәрсенбай Бөртебайұлының 1 сағат көлемінде жырлаған мақам-саздары, өнер жанышары Сүйінбай Ақбаевтың алысқа тартпа мақам-саздарды топтастырған таспасы қолымызға тиді.

Жалағаш ауданындағы жұмыс сапарымызда Бұқарбай батырдың шөбересі Қалдан ақсақалдың тарихи әңгімелері, әйгілі Қырғи билің ұрпақтары Рысбек, Қабыланбек және Өміртай ақсақалдардың Қалам би, бай Қуаң, Ашай, Жүрген, Қара, Зарқұм, Кішкентай, Ерсейт, Дәуімшар би, Жаппас Мұнайтас сияқты айтулы тұлғалар жөніндегі әңгімелері жазылды. Мәдениет ауылының тұрғыны Болатбек Нұржанов ағамыздан «Шәкір-Шәкірат» дастанының Сыр бойында орындалатын нұсқасының көшірмесін, белгілі жыраулар Жадырасын Тасбергенов, Әубәкір Есжановтардың дауыстары мен қолжазбаларының көшірмесін алдық.

Ал, Сырдария ауданы Қалжан ахун ауылының тұрғыны Төлебай ақсақал мен айтыс өнерінің ақтангері Заматдин Ибадуллаев Сыр сүйелдерінің өмір деректеріне қатысты әңгімелердің көбесін ашты. Шәжірелі Шиелі ауданындағы олақамыз да орта болған жоқ. Танымал күйші Тынысбек Дүйсебековтің сүйемелдеуімен сирек естілетін күйлер жазылып, облыс өңірінде өзіндік қолтаңба қалдырған Есіркеп Қоңқабаевтың өнері туралы деректер, Нартай ауылының қарт тұрғыны Байжан ақсақал мен қарғалық Пернебай Ізәмбетұлының аузынан жыр-терме мәтіндеріне қоса тың әңгімелер тыңдалдық. Сондай-ақ, Нартайдың соңғы шәкірттері саналатын Арзулла Молжігітов, Әбілаш Әбуов, Құрманбек Бекпейсовтің үн таспаларын қаттадық.

Жаңақорған ауданының мәдениеті мен өнерінің өсіп өркендеуіне зор үлес қосқан Бәден Айсынов, ақын Тынышқұл Асанова, Жаксықұл Бегманова, Әлібек Сүгірбаев сынды өнер жанашырларының осы

өңірден шыққан дарындар туралы әңгімелері, халық ақыны Манап Көкеновтің баласы Үбайдулла Манапұлы айтқан ақын туралы деректерді қоржынымызға қостық.

Қызылорда қаласын аралау барысында атақты Рүстембек жыраудың қызы Ыдық Рүстембекқызы, белгілі жыраулар, ұстаз Жұмабек Аққұлов, Қасарбек Қарібаев, ардагер журналист Өтеген Жаппархан, Қорқыт ата мұраларын жинақтаушы Ахат Жанаев сынды абыз ақсақалдармен сұхбат жүргізіліп, барлығы бейне таспаға жазылып алынды.

Алдағы уақытта ел арасынан жинақталған мақам-саздар студияда өңделіп, терме-толғау, дастандардың мәтіндері жүйеленіп жыр-терме үйірмелеріне ұсынылатын болады. «Жыр мұра» жобасының өзектілігі ел арасындағы мол мұраны жинау болса, тағы бір тармағы жыр-терме үйірмелері жоқ аудандардан жыр мектептерін және қобыз үйірмелерін ашу еді. Аудандарда бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан жыр-терме үйірмелері бар. Бұл ретте Аралдағы Қарақұм аулынан ашылған Ганибек Өмірзақов дәріс беретін Дәрігүл жырау үйірмесін, Қазалы аудандық Қорқыт ата атындағы музыка мектебінде білікті маман Сандуғаш Бисембаеваның жетекшілігімен жұмыс істеп келе жатқан жыр-терме класын, Сырдария ауданындағы дәстүрлі орындаушы Минәш Ысқақова дәріс беретін «Дәстүрлі ән» үйірмесін, тағы басқаларды айтуға болады.

Сөз жоқ, бұл үйірмелер – К.Рүстембеков атындағы жыраулар үйі, Нартай өнер мектебі секілді тәжірибелі ұжымдардың ізін жалғаушы. Мамыр айында ұлттық өнермен өсімдері елге танымал жырауларымыз облысымыздың 7 ауданында шеберлік дәрістер өткізіп, қараша айында облыс орталығында өтетін концертке қатысатын талапкерлердің жыр қорын бұрын-соңды көп орындамай жүрген мақам-саз, терме-толғаулармен толықтырады. Осы өнер аламында ауылдық үйірмелердің ортақ мұраға қосқан үлесі танылатын болады.

2018 жыл Сыр жұртшылығы үшін жағымды жаңалығы мен тарих қойнауына енді. Түркі халықтарына ортақ ұлы ойып, жырау, қобызшы Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді. Алдағы уақытта ұлы ұзанның мұраларын дәріптеу мақсатында әртүрлі мәдени шаралар ұйымдастырылады.

Ал, жоғарыда аталған «Жыр мұра» жобасы мәдени мұрамыздың өткенін бағалап, бүгінгісін саралайтын болашағы жарқын жоба.

**Майра СӘРСЕНБАЕВА,**  
облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просоциалдық орталығының сектор менеджері.

# Атадан жеткен аманатым

Академик Рахманқұл Бердібаев «Қазақтың 18 мың сөзі бұзылып жүр» деген екен. «Сен бару керексің», «мен алу керекпіні» деп сөйлейтіндерге, өзі тұрған жерден баратын бағытына «келемін» деп айтатындарға дұрыс сөйлеп тұрғандай бас ізейтін қалге жеттік.

Ол ол ма, малға қатысты анықтаушы «арда» сөзін «арда азамат» деп қадірлерге қарата айтқанымызға жол болсын. «Құлағына алтын сырға» дейтін тіркесімді тіресіп жене алмай жүргенімді қайтейін. Өркімнің «алтын сырғасына» неге көз саттым? Себебі, біз оны «сөзіме құлак сал» мағынасында қолдануға көшіп алғанбыз. Ал, түп негізінде «алтын сырға» – ауызбастырық, яғни, бұл сөз тіркесі «құлағыңды жап, естіме» деген ойды меңзейді.

Міне, осындай-осындай тілдің ұшыққан мәселелері уытын жайып бара жатыр. Авар халқының ақыны Расул Ғамзаттың «Ана тілім болса ертең құрымақ, мен өлер ем бүгін-ақ» дегенінде ана тіліне деген алып махаббат қана емес, ата-бабаның аманатына деген жанкешті адалдық жатыр.

Мына бір өлеңім осы бір ауыз сөздің әсерінен туған еді.

Тіл – нығмет, берілген бір Құдайдан,  
Біраз хабар берейін шыңдық ойдан.  
«Өнер алды – қызыл тіл» деп кәзекем,  
Бар ғылымның басына тілді қойған.

Білімнің бәрін саған тіл береді,  
Тілсіз адам қалайша күн көреді.  
Мінәжат қып топаннан тіл тоқтатқан,  
Қазығұрттың басына бір кемені.

Құлді әлемнің сырғы бар тіл ішінде,  
Тілден тексіз алтын мен күмісін де.  
Тілсіз мен бір балықпын тереңдегі,  
Тілім болса бұлбұлмын гүл ішінде.

Тіл бойдағы ұятың, арың еді,  
Арынның садақасы жының еді.  
Азығың, атамұра тәлім еді,  
Айтайын тілім жайлы тағы нені?!

Аз емес қой өткеннің деректері,  
Қайран ақын Ғамзатов ер өкпелі.  
«Ертен тілім шыңыммен құрыса егер,  
Мен онда бүгін өлем» – демеп пе еді.

Тіл қадірін жас өркен, біл, қарағым,  
Бір ауыз сөз құны еді мың қараның.  
Аяла сен, ардақта ана тілің,  
Құрт түсіп құламың дін дарағым.

Адамды қырық бөлсе алапап тұр,  
Тіл ғана болмысыңды даралап тұр.  
Байлығың да тіл болсын, байрағың да,  
Бабалардың мұрасы – аманат бұл!

**Дүйсенбек АЯШУЛЫ.**

## “SYR BOIY” GAZETINIŇ ARNAIY BETI



# Тұран даласы

## Дәстүрді жаңғыртқан Салтанат

Кішкентайынан қолынан ине мен жіпті тастамайтын Салтанат Қысықова әдепкіде осындай кәсіп ашып, ұрықша иіріп кетемін деп ойламады. Әйткенмен, жүрек түкпіріндегі ұлттық қолөнерге деген ықыласы оны биіктерге жетелеп, арман отын тататты. Ауыл арасында ісмерлікпен танылған ол кейін мемлекет қолдауының арқасында үлкен бір кәсіптің құлағын ұстады. Сонау Қармақшы ауданының Қуандария ауылындағы өнер несі бүгінде текеметтің әрбір үйдің төріне жайғасына септігін тигізіп келеді.

Дәулет ҚЫРДАН.



«Шебердің қолы ортақ» деген бар. Он саусағынан өнер тамған қолбалалы ана киіз басып, алаша, текемет тоқиды. Көргенде көзтартарлық ою-өрнектер сырады. Қыз жасауы, киіз үйдің жабдықтары – барлығын жасау қолынан келіп тұр.

– Жігітті секкенде «қолыңнан шеге қағу келмейді» деп жатады ғой. Сол сияқты ине мен жіптен түрлі туынды жасау – әйел зағына Тәңір берген несібесі. Ол ас та пісіріп, іс те тіте алатын болу керек. Барлық ынта-ықыласын аударып, жан сарайындағы көркемдікті шығара білсе, тіпті тамаша. Әжемнің тәрбиесін алдым, содан бойыма осы қасиет дарыды. Он екі жасымнан бастап қолымнан тігін құралдары түскен емес, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Көрпе көктеп, құрақ құраған ол киіз үйге қажетті бай-шу, иін бау, басқұр сияқты жабдықтарды жасап жүр. Қазақтың ұмытылып бара жатқан киіз басу өнерін тұтас ауылдың санасында жаңғырта білген жан алаша тоқып, текемет басудың да шебері. Елде кәсіпкерлік кең етек жайып жатқанда Салтанат Нағашыбайқызына «Ісмерлікпен неге кәсіпке айналдырмақса?» деген ой туды.

– Кәсіп ашамын деген оймен жүріп, «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша – 240 мың теңге, Өңірлік инвестициялық орталық арқылы 1 миллион теңге жеңілдетілген несие алдым. Бұл қаражатқа тігін шеберханана керекті жабдықтар сатып алып, кәсіп бастадым. Қазіргі күні таспырыс берушілердің қарасы қалың. Кейде үлгермей де қаламын, – деді шебер С.Қысықова.

Ұлттық өнердің ұлағатын сезінген отбасында жұбайы Жасұлан мен қайын енесі Құлайша Қанева оған қашан да қолдау көрсетіп отырады. Бастамасын қолдап, қуанышына ортақтасып, арқасынан қағатын отбасы қолбалалы ана үшін үлкен күш береді. Елді мекенде еңбек еткеннің бір ерекшелігі – шикізат ауылдың өзінде табылады. Мәселен, ол киіз басып, текемет дайындау үшін қойдың жүнін ауылдастарынан алады.

– Ауылдағы әр үйде кем дегенде 8-10 қойдан бар. Қой қыр-

қынның уақытында мен өзім аралап, жинап аламын. Ал жүн түтетін аппаратты қолдан жасаттым. Бұрынғыдай шұқшып көз майын тауспаймыз. Көне кір машинадан жасалған аппарат бәрін істеп тұр, – деді кәсіпке нықтап кіріскен жан.

Салтанат Нағашыбайқызы өзінің қолынан келген өнерді өзгелермен бөлісуге әркез дайын. Таалабы барларды қолөнердің биік шыңына ерте кетуді көздейді. Кәсібін кеңейтсе, қасына көмекші керек, ол да ойында.

– Жаз келсе, көрші келіншектер жиналып алып, киіз басамыз, ою сырамыз, өрнек саламыз. Бұл істің әдетке айналғанына да жетпесе жыл өтті. Шақырмаса, ескі қақпайтын жағдай біздің ауылда жоқ. Бірлігін арттырып, елді бір-бірімен етене араластыратын бұл іске ынталылар да жетеді бізде. Мәнінше, қыз баланы кішкентайынан тігіншілікке баулу керек. Арнайы кәсіп қылмаса да, отбасына пайдасы мол, – дейді шебер.

Өріптесіміз Ержан Байтілес «Қой кезек» атты туындысында осы үрдістің ауыл халқын тонның ішкі бауындай етіп, қой кезек баққан баланың шыдамды болып өсетінін жазған еді. Сол сияқты киіз басудың өзі білектің күшін, жүйкенің төзімділігін сыңға салады ғой. Түрлі процестен өтеді. Қолда бар табиғи таза өнімнен өздері тұтынар бұйым жасарға ерінгендер базар барып, өзгенің сауданы қыздырады. Ал Қуандарияда Салтанаттың қолынан шыққан туындылар әрбір үйдің төріне сөн беріп тұр...

Қармақшы ауданы.



### 1. Таным-тағылым

Түріліп тұн, алаулап таны атады, Күн нұрына бөленіп жер жатады, Сәулесімен оятқан тіршілікті, Жалқынына сыйдырып, ол батады. Алқымына кептеліп туған айы, Қиятанып, көкке өрлеп, толысады. Жарығында кейбір аң сезім шешіп, Құдреттің күшімен жұптасады. Енді бірі жыртқыштың жем іздеген, Жортуылдап жоньында тұн қатады. Қызыл інір-перизат, жерге түсіп, Аспанды арбап, аялап қабысады. Күн мен түні некелі ғашықтардай, Көкжиекте кездесіп, табысады. Көбесі соғілгенде тұны түннің, Шолпан туып, жұлдызды таратады. Көгендеулі қарақшы – «Жеті жұлдыз», Көзді тартып өзіне қаратады. «Темірқазық» – бағдаршам төбелегі, Төрт жағынды түгендеп санатады. «Құс жолы» – бір патшалық, сиқыры көп, Ағарандап, ақ тұман шұбатыады. Құлтегі, қыдырылмас «Үрке» сұлу, Бағытымен өзгеріс аңдатады. Құрсағын күйі тербеген гасыр-мекен, Мамырлатып аққу-қаз қондыртады. Тінінде өніп, толысқан «Әну», «Сырды», Төркіндері Тұранға ұзатады, Сылаңдап, кемелденген кыз-құмырын, Айдыңында Аралдың тоқтатады. Ал, адамзат Тұранның төсегінен, Сапар шегіп ғарышқа аттанады. Адамдар – қобыз кеуле, шешен-мерген, Көздесе құралайды көзге атады. Көркіші көргінде қылыш жонып, Шеберлері нақыштап, қындатады. Дұрдана-аналары батырлардың, Намысын түзде шыңдап, қайратады. Қыздары ат үстінде садақ тартып, Мәрттігі жаудың сағын сындыртады. Тұраны – тұлға болған Томирисін, Әлемге айтып, ұрпақты мақтантады. Құсбегілер қыранын қиясында, Томағасын сыпырып, шалдыртады. Қу құмалақ қалдырмай сейістері, Бөйге атына таңғы шық жалатады. Жылдап аңдып ұядан италаны<sup>1</sup>, Хас жүйірік – құмайпора<sup>2</sup> – ит алады. Ежелден темір-мысты қорытады, Ат-әбзелі, тұрмысқа жаратады, Кәдімгі құрбақаның дәретіне, Осып-осып суытып, жаңытады. Әрі ұстаз, әрі ана – Тұран әлі, Қасиетін жаһанға танытады.

### 2. Атадан қалған бір түйсік...

Тұранда ата-бабам көшіп-қонған, Құт-берекет, ғажаптың бәрі болған. Шегіренді, қыл жүйрік, құлан болған, Кіндікте мүшкілан<sup>3</sup> бар, бұлан болған. Орамдымен орылып көшіп жүрген, Соы бөлек, ордалы жылан болған. Жүрісі желдей ескен сайларында, Жорға жүйрік дуадақ, жек те болған. Қаулап, барыс, мәліңдер қамысында, Жемсауы тоқ, ауаныс жағып-тұрған. Атты адамды сауытпен жұтатқын, Алпауыт, құлаш ауыз жайын болған. Тұранның шөбі шүйгін, мың сан бұта, Несібе, тіршіліктің көзі болған. Жыңғыл, дүзген, сексеуіл белдерінде, Бет қаратпас, қызулы шоғы болған. Құшала, мия, құмаршақ құмдарында Дертке дауа, қуатты дәрі болған. Айта берсем таусылмас кереметі, Бір ауыз сөз, Тұранда бәрі болған.

- 1. Итала – қаз, оның ілеуде бір жұмыртқасынан жүйрік құмай тазы шығады.
- 2. Италаның жұмыртқасынан шығатын жүйрікті «Құмайпора» деп атаған.
- 3. Мүшкілан – киік тұқымындастың кіндігінде болатын хош иісті без.

**Даража БАЛАПАН,**  
заңгер, Халықаралық ақпараттандыру академиясының корреспондент-мүшесі.

# Күрескер

**XIX ғасыр аяғы XX ғасыр басында қазақ елінде Петербург, Мәскеу, Омбыда оқып, білім алған саяси санасы оянған жалынды жастар өсіп шықты. Оның қарсаңында Ресейде түрлі қоғамдық қозғалыстар жүріп, саяси партиялар пайда болды. Ол әлеуметтік, ұлттық, азаттық, теңдік мәселелерін көтерді. Батыс елдердегі сияқты Ресейде де жеке басшылық тәртібін (билігін) тізгіндейтін конгресс, парламент сияқты халық қатысуы мен сайланған депутаттар кеңесі – мемлекеттік Дума дүниеге келді. Дума депутаттары арасында патшалық жүйені қолдайтындар да және оған қарсы әр ұлттың өз билігі өзінде болуын жақтайтындар да болды.**

Қазақ жерінде «Айқап» журналы, «Алаш» газеті шыға бастады. Сол кезде Қазан қаласында жарық көрген Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» поэмасы елді дүр сілкіндірді. Онда мынадай ұран сөздер айтылған: «Көзіңді аш! Оян, қазақ! Көтер басты. Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп. Қазағым, енді жату жарамсыз!» Шығарма күшінен қорыққан патша үкіметі Міржақып Дулатовты түрмеге жапты, бірақ халық үнін өшіре алмады. Үшіншіден, Ресей революция болып, патша үкіметі құлағанда қоғам қайраткері, ақын Жүсіпбек Аймауытов: «Қазағым, қақтықпа, қамалма. Ел болар қамыңды амалда. Өтті түн, атты таң, шықты күн. Сал малды, сал жанды, аянба!» – деп үндеу тастады.

Артында 1917 жылы Қазақстанда саяси-әлеуметтік «Алаш» партиясы дүниеге келді. Сол жылы Октябрь революциясы аяқталып, Кеңес өкіметі жарияланғаннан соң, желтоқсан айында Орынбор қаласында өткізілген құрылтайында Алаш Орда өкіметі жарияланды, оған Әлихан Бөкейханов басшы болып сайланды. Бірақ, Алаш Орданың өкіметінің өмірі қысқа, қиындықтарға тап болды.

Бұрынғы Ресей жерін, бүтін бір мемлекет – Кеңес елі деп жариялағанда жаңа бастама Кеңес елін бөлшектеуге тырысқан қозғалысты заңға қарсы деп, олардың жолын кесті. Кейін Алаш партиясы басшылары, мүшелерін тұтқындады. Сол кезде бостандық алу үшін жеке-жеке елдер емес, бүкіл қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, басқа халықтар бір болып күреспесе жеңіске қол жетпейтінін білген Мұстафа Шоқай болды. Алғашқы кезде Кокан Республикасына басшы болып сайланған Мұстафа Кокан өкіметі қирағаннан кейін көптеген ұлт қадрлары, мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов сияқты қазақ зиялылары тұтқындалды. Қоқан өкіметін большевиктер құлатқаннан кейін, қыспақтан амалдап құтылған Мұстафа Шоқай алдымен Кавказ жеріне жетіп, Грузияға тұрақтап, одан әрі Түркия еліне барып тұрмақ болды. Бірақ, Кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізу үшін оған халықаралық трибуна қажет болатын, дауысы әлемге жететін ел керек еді. Солдан қалғасында қаражаты жоқ, тек өз күшіне сенген Мұстафа Шоқай Парижде келіп тұрақтады. Оның бұл әрекеті ақыл болды. Бұл жерде «Ян Түркістан» журналын шығарып, пәтер жалдап, түрлі саяси материалдар жазып, қаламақы тауып, күн көріп қана қойған жоқ, ірі Кеңес өкіметіне қарсы бағыт күрес жүргізді.

Мұстафа танымал тұлғаға айналды. Алаштар мен Мұстафа мақсаты бір, бірақ жолы әр қилы. Алаштықтар тегіс ұсталды. Мұстафа күресін тоқтатады. Оның ерен ерлігі мен бонадығы тек салыстыру арқылы айқындауға болады. Оның бірінші ерлігі – қаражатым жоқ демей шет елге кетіп, күрес жүргізе білуі. Екіншіден, қазақ зиялыларына қарағанда оның көрегенділігі.

Елін тастап, шет жерге кетіп, күрес жүргізгендердің бірі А.Герцен болатын. Ол да Англияға барып, «Полярная звезда» журналын шығарып, «Колокол» газетін бастырып, Ресейдегі

дегі «Басыбайлық құқығын» ашы сынады, оны Ресейдің дамуына кедергі деп білді. Сондықтан А.Герцен тарихта дворян-революционер деген құрметті атаққа ие болды. Бірақ, оны Мұстафамен салыстырғанда Герценнің біршама ерекшеліктері болды. Біріншіден, А.Герцен шет елге қашып кеткен жоқ. Екіншіден, ірі дворян отбасынан шыққандықтан мол қаражатпен кетті, тұрмыс қиындығын көрмеді. Үшіншіден, Ресей өкіметіне қарсы болып күрескен жоқ. Ол тек «Басыбайлыққа» қарсы болды. Бұл жөнінде Ресей императоры Николай I А.Герценге жақтас болды.

А.Герцен үстем тап – дворяндарға қарсы шықты. Ал Мұстафаны Кеңес елі жағынан ешкім қолдамады. Қайта Қазақстанның Сыр бойында қалған жақын-туыстары кұғындалып, түрмеге жабылып, жазаланып жатты.

Одан соң мақала жазып, тамақ асырап, газет, журнал шығару өте ауыр жұмыс болатын, Мұстафа Шоқай осының бәрін мойымай көтере білді.

Бір күні Мұстафаның жұбайы Мария «бір доллар ғана қалды, не істейміз?» деп абыр-жыды. Сонда Мұстафа оған «Сол бір долларға борщ жаса да, осында жүрген бір Ресейлік сі соған шақыр» дейген ақыл берді. Мария солай етеді. Келген кісілер екеу екен. Әрқайсысы бір доллардан қалдырып кетеді. Ертенге борщты екі долларға жасайды. Сөйтіп асханаға айналған үйі Мұстафаға тағам, қаражат болып, күрес жүргізуіне мүмкіндік береді. Осындайда «Ер азығы мен бөрі азығы – жолда» деген мақал ойға келеді.

Парижде әлем мәдениеті көрмесіне КСРО-дан бір топ делегация келеді. Ішінде әйгілі қазақ әншісі Әміре Қашаубаев, Өзбекстаннан Тамара ханум бар.

Мұстафа өзінің ауыр халін білдірмей, келген қонақтарды ресторанда шақырып, сый көрсетеді. «Бөрі арығын білдірмес, сыртқы жүзін қампайтар» деген осы. Әрине, елге келгенде Әміре қуғындалды. Бірақ ол өз алдына әңгіме. Қазір пікір Мұстафаның кемеңгерлігі мен ерлігі жайлы.

Ал Ресейде Николай I-ден кейін таққа отырған Александр II 1861 жылы Ресейде «басыбайлықты» жойды. Бірақ, бұған қарсы болған үстем тап – дворяндар 1881 жылы Александр II императорды өлтіріп тынды. Сөйтіп қатаң император Николай I жасай алмаған реформа, Александр II өмірін қиды. Бұл тек Мұстафаның атқарған ісінің маңызын көрсету үшін айтылған дәлел. Мұстафа өмір мен өлім арасында күрес жүргізді. Не үшін? Халқының бостандығы үшін.

Келесі салыстырғалы отырған саяси күрескер, ол Мексикаға кетіп, еңдел қоршалған үйде тұрып, қаражаттан қиналмай өмір сүріп, Сталинге қарсы кітап жазып, қарсылық көрсеткен А.Троцкий. Ол Кеңес жүйесіне қарсы болған жоқ. Өйткені бар билік революция жасап, оған басшылыққа Ленинді әкелген мен едім, енді сол өкімет қолданып келген Сталинге тиді деп азыралып Сталинмен күресті. Шет елде жатып, Кеңес өкіметіндегі сыбайластарымен бірігіп Сталинді өкіметтен құлатып, оған өзі келмек болып жоспар жасады. Жаңа өкіметке



келер адамдардың тізімін жасады. Бірақ сол тізім Сталиннің қолына түсіп, 1940 жылы Мексикада Троцкийдің көзі жойылды. Тізімге кірген, кірмегендер тегіс ұсталып, 1937-1938 жылғы репрессиямен аяқталды. Троцкийдің әрекеті мыңдаған қазақ зиялыларына тиді, «халық жауы» аталып, қуғынға түсті.

Троцкийге қарағанда Мұстафа Шоқай жеке адамға емес, жалпы бұрынғы патшалық үкімет кейінгі кеңес үкіметі саясатына қарсы шықты. Мәселен, 1937 жылы, 1936 жылы қабылданған КСРО Конституциясы бойынша Жоғары Кеңеске депутаттар сайлауы басталды. Айталық, КСРО жоғары кеңесіне Қызылорда, Шымкент облыстары кірген. Оңтүстік Қазақстан сайлау округі бойынша депутаттыққа екі кандидатура ұсынылды. Одақтық кеңеске – Моисей Лазарев, ұлттар кеңесіне – Біржан Манкин. Сайлаушылардың КСРО Жоғары Кеңесіне депутаттыққа кандидаттан кездесуі 1937 жылдың 5 декабрінде Шилелі станциясы вокзалы алдындағы алаңда өтті. Мыңдаған адам жиналған митингте Біржан Манкин сөз алып, Ол қырыстар шамасындағы, шашын артына қайырған, толық сары кісі екен. Мен оқушымын, сол кездесуде болдым. Сөзінде Манкин Отан үшін, Сталин үшін бір қасық қаным қалғанына күресемін деді. Моисей Лазарев кездесуге келген жоқ. Оны біз тек сайлау плакатындағы суреті арқылы білдік. Сайлау 1937 жылы 12 декабрьде өткізілді. Бірақ сол айдың 20-ларында екеуі де, «халық жауы» болып ұсталды. Сонда Моисей Лазарев Троцкий тізіміндегі кандидатура екен, ал Манкин – қосақ арасында кетті. Міне, Троцкийдің тигізген зобаланы.

Ал, Мұстафа Шоқай халқымызға ондай ойран салған жоқ, қиындық әкелген емес. Тек Түркістанды ғана азат етуге шақырды. Сол үшін жапа шекті. Бұл – бір.

Екіншіден, Троцкий шет елге қашып кеткен жоқ. Оны үкімет өзі жіберді. Революция кезінде патша семьясынан жиналған құнды заттармен кетті. Одан соң Мәскеудегі үкімет басында отырған оның жақын сыбайластары, оған қаражат жіберіп, оның бункерде тұруына жағдай жасады.

Ал Мұстафаға, жалдап алған бөлмеге ешқандай көмек жасалмады. Беретін жер болмады, ол өзін-өзі қаржылап, асырады. Осындайда Мұстафаны тарихта кіммен салыстырау болады?

1940 жылы фашистік Германия Францияны

басып алған соң түрмеге түскен Мұстафа Шоқайдың кім екенін білген Гитлер оны түрмеден босатып Германияға алдырады. Мақсаты КСРО-ға соғыс ашуға дайындалып жатқан фашистік Германияға керек болады деген ой. Ол кезде Германия Таяу Шығыс саясатын жүргізуші фон Папен болатын. «Барбаросса» жоспарын орындау үшін Орта Азия халықтарымен жұмыс жүргізу Мұстафа Шоқайға тапсырылды. Сондықтан фон Папен және Мұстафа Шоқай бір бағытта жұмыс атқаруға тиіс болды. 1941 жылы маусым айының 22 күні кездейсоқ КСРО-ға жасалған соғыс өте ауыр тиді. Соғыс болады деп ойламаған ел көп шығынға ұшырады. Неміс фашистеріне тұтқына түскен ортаазиялықтардан фашистер Түркістан легионын құрып, оған Мұстафаны басшы етті. Бұл соғыста Мұстафаның ойы, егер КСРО талқандалса, онда ол Орта Азияны өз алдына тәуелсіз ел ету еді. Бұл оның бұрынғы мақсаты болатын. Әрине, Мұстафа Шоқай бұл ойын фон Папенмен бөлісті. Ал, фон Папеннің ойы мүлде басқа еді. Ол – егер КСРО соғыста жеңілсе, Германия Орта Азия арқылы Индияға жетіп, сонда Таяу Шығыс пен Орта Азияны фашистік Германияға бағындыру. Фон Папеннің мұндай мақсатын Мұстафа білмеді. Фон Папен арқылы мұны білген Гитлер 1941 жылы Мұстафаны Берлиндегі ауруханаға жатқызып, оның көзін 27 желтоқсанда жұмдырды. Әрине, оның өліміне кінәлі тек фон Папен еді.

1945 жылы 9 мамырда фашистік Германия талқандалуымен аяқталған соң, 1946 жылы фашистік Германия басшыларына Нюрнберг процесі басталды. Сот процесіне дейін көзі жұмылған Гитлер, Геббельс, Гимлерден басқалары түгел сотқа тартылды. Сот үкімі оқылып жатқанда, «Фон Папен өлім жазасы – дарға асудан құтқарылсын, түрмеден босатылсын» деген шешімді естігенде Геринг ызаланып, айқай салғаны соншалықты, тіпті оның көзінегі еденге түскен. Себебі фон Папен нағыз жауапкерлердің бірі – «Dfang nach Osten» саясатын жасаушылардың бірі болатын.

Сондықтан фон Папеннің өлім жазасынан құтқарылып, бостандыққа шыққаны Герингке сұмдық болып естілді. Сөйтсе, фон Папен немістерге жат, екіжүзділік көрсетті. Ол өз әйелін Рим Папасына жұмсап, өзінің соғысқа қатыспағанын, жазадан босатылуын өтініпті. Сонымен Рим папасы тілегімен нағыз жауыз фон Папен өлім жазасынан аман қалды. Бұл әділетсіздік еді. Геринг – әскери қылмыскер. Фон Папен де – қылмыскер, идеолог, саясаткер. Герингтің дарға асылуға алты сағат уақыт қалғанда жақтастары, оған «цианистий калий» жеткізіп, уланып өлді, дарға ілінбеді. Қалған қылмыстылар түгел дарға асылды. Міне, жауыздықпен жасалған соғыстың трагедиясы. Бұл фашистік Германияның ақыры, құйреуі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, Мұстафа Шоқай туралы түрлі жалапалар айтылды. Бірақ шындық жеңді.

Фашистік Германия архивін парақтап атқарған АҚШ, Англия, Франция, КСРО зерттеушілері Мұстафа жазған, айтқан, қол қойған бірде-бір құжат таппай, оны алдымен АҚШ, Англия, Франция, артынан КСРО зерттеушілері ақтап шықты. Кейін оны біздің еліміз мойындады. Нәтижесінде Мұстафа неміс-фашистеріне қызмет атқарған жоқ. Ол қажырлы еңбекпен Орта Азия халықтарының бостандығы үшін өмірін күресіп өткізді. Сол үшін жанын пидітті. Сондықтан елі Мұстафа Шоқайды құрметтейді, жоғары бағалайды.

**Досмұхамед КИШБЕКОВ, КР ҒА академигі.**

# Әділ де табанды азамат еді

**Өмірден көңілге түйгенім, біз қазір адамның кісілік пайымын, адами болмысын қадірлеп-қастерлеуде бұрынғы түсініктен өзгеше көзқараспен қарай бастадық. Сол көзқарас кейде жақсы, ізгі атаулының парқын елеуге әкелгені жасырып емес. Сондықтан ізгіліктің шарапатын айтуға әріптес болған Дүзелхан Жансүгіров ағамыздың өнегелі өмірін үлгі етіп сыр шертуді парызым деп санаймын.**



Ол кісі 1932 жылы Қазалы ауданының Микоян атындағы колхозда (қазіргі Лакалы ауылы) кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Дүзекеннің балалық шағы елімізде сол кезде халық жауын әшкерелеу деген нәубетпен басталып, жастық кезені Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына ұласты. Колхозда бел-сенсе еңбек ете жүріп, жетіжылдық мектебін бітірді. 1947-1949 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы педагогикалық техникумды «жақсы» деген бағаммен аяқтады. Қазалы ауданының Микоян, Андреев колхоздарында мұғалім болып дәріс берді. Ал 1952 жылы еліміздің алғашқы жоғары оқу орындарының бірі Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Сол оқу орнын 1956 жылы қызыл дипломмен бітіріп, Қызылорда облысының прокуратура саласына жолдама алды. Менің пайымдауымда, ауылдық жерде туып-өсіп, жоғары оқу орнын орыс тілінде үздік бітіру кез келгеннің басына қонатын қабілет емес.

Прокуратура саласында қызмет жасаған сегіз жылда Дүзекен өзінің еңбекқорлығымен, әділдігімен ерекшеленіп, халық арасында абыройы артып, тәжірибе жинақтады. 1963-1964 жылдары Қазалы аудандық прокуратурасына тереуші болып тағайындалып, екі жыл көлемінде жергілікті прокуратура органдары бөделінің жоғарылауына үлкен үлесін қосты. Тек жазалаушы орган ғана емес, сонымен қатар халықтың мұн-мұқтажын тыңдайтын, заңның өз дәрежесінде орындалуына жоғары қадағалау жүргізетін орган екендігі халық арасында кеңінен насихатталып жатты.

Ағамыздың заңдылықты қорғау жолындағы игілікті істері жергілікті басқару органдарының назарынан тыс қалмады. 1964 жылдың соңында Қызылорда облыстық кеңесінің шешімімен облыстық соттың мүшелігіне бекітілді. 1979 жылы облыстық сот төрағасының қылмыстық істер жөніндегі орынбасарлығына жоғарылатылды. 1981 жылы Қазақ КСР Жоғарғы сотының мүшелігіне үміткер (кандидат) қатарына енгізілді.

Жауапты қызметтерді атқару барысында Дүзелхан ағамыз тек заң талаптарына сүйеніп, өзінің ішкі сезімімен әділдікті ту етіп, қандай жағдайда да заңды, әділ шешімдер қабылдайтын.

Қатарласы Н.Жұбанғанов көзі тірі кезіндегі әңгімелерінде ол кісінің бойында ақылдылық, парасаттылық сияқты үлгі боларлық тұлғалық қасиеттер мол болғандығын айтады. Ол әрбір істі сана сүзгісінен өткізіп, қиянаттылыққа жол бермей, тек заң шеңберінде шешім шығарып отыратын еді. Әділдігі мен адамгершілігі мол қасиетін халық жоғары бағалап, «кіршіксіз таза сот» деп берген атағына лайықты болғандығын қайта-қайта айтып, еске түсіріп отыратын еді.

Дүзелхан ағамыздың ұзақ әділеттілік жолындағы ғұмырында адам тағдырына байланысты күрмеуін шешкен қылмыстық істер аз болған жоқ. Бұрынғылар Алладан «қызметімді, байлығымды алсаң да, абыройымды алма», – деп тілейді екен. Ол кісі де қасықпап жанған абыройының қадірін білді. Қызметтес болған П.Әбдірахманов, Ә.Досмайылов, Ә.Тәжімбетов, Ә.Қиязовтармен сыйласты, бірін-бірі құрметтеп, қадір тұтты. Судьялық қызметті жаңадан бастаған інілеріне адам тағдырын таразылайтын, мәртебесі биік қызмет екенін, сондықтан ол қызметте табандылықтың керектігі, оған лайықты болу үшін тек дипломның болуы жеткіліксіз екенін айтаын. Әділ төрелікке кепіл бола аламын деген асқақ мақсат болуы қажет екендігін Дүзекен жастарға ерінбей-жалықпай қайталап отыратын.

Сонымен бірге судья өзінің отбасындағы, тұрмыстағы мінез-құлқымен, теріс әрекеттерімен қоғамда өзі туралы жағымсыз пікір тудыратын болса, оның қабылдаған шешімдерінің заңдылығына қарамастан, халық арасында сотқа деген сенімсіздік тудыратыны туралы да жастарға ескертпе жасауды естен шығармайтын.

Ағаның өмір жолы тек қана адалдықтан, адамгершіліктен, биік өлшемдерінен тұратынын, жасынан өмірдің қиыншылығына кездесіп, тек өзінің күші мен талабына сеніп өскенін, өмір жолында оны көкке көтерген көкесі де, демеген қамқоршысы да болмағанын, қолтығының астындағы қос қанаты – адалдық пен тазалық болғанын, оны биікке көтерген де, тұлғасын тұғырға қондырған да осы қос қанаты болғанын байқаймыз. Өкініштісі, Дүзелхан аға 1986 жылы 54 жасында жүрек талмасынан қызметте жүріп қайтыс болды. Бұл табиғаттың бұлжымас заңы, адам баласының көңбеске амалы жоқ шара десек те, қайғылы оқиға барлығымыздың жүрегімізді сыздапты.

2017 жылы балалары сүйікті әкелерінің рухына арнап ас беріп, құран бағыштап, аруағын риза етіп, ел-жұртының ықыласын алып, перзенттік парыздарын өтеп, туыскандарының мерейін тасытты. «Жақсы адамның өлген күні болмайды, тек туған күні болады» дегендей, ағамыз бүгінде әлі ортамызда жүргендей сезіледі. Ағаның жалпы адамға деген адал-

дығы мен азаматтығы, қарапайымдылығы мен жоғары парасаттылығы білетіндердің жадында мәңгілік сақталатындығына сенімдіміз.

Өзінің саналы өмірін Дүзелхан ағаның жағдайлы жасауға арнаған Назбике апай екеуі теңіз айдынында қатар жүзген қос аққудай 36 жыл тату-татты, сұлу да мағыналы ғұмыр кешті. Екеуі жеті бала тәрбиелеп, ұлын – ұлға, қызын қияға қондырып, бір әулет, бір ауыл-аймақтың ғана емес, көптің анасына айналған Назбике апайымыз бытыр 86 жасында дүниеден озды.

Қазіргі таңда, Дүзелхан аға мен Назбике апандан өрбіген ұрпақтар арқайсысы өзінің



несібесін теріп жеп, елге, жерге қызмет етіп жүрген жайлары бар. Құдайға тәуба, бұл да Алланың шаңыраққа сыйлаған бір бақыты болар деп ойлаймын.

Ұрпақтарының барлығы күнделікті өмірде қарапайым, бауырмал болып қалыптасты. Олардың әрбірінің өмір жолы басқаларға үлгі боларлықтай деңгейге шыққан.

**Қаладағы іргелі кәсіптік оқу орындарының бірі И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық жоғары колледжінде жылдағы дәстүр бойынша мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Исатай Әбдікәрімовтің туғанына 96 жыл толуына орай жиын өтті. Оған қатысушылар қайраткерді бір сәт үнсіздікпен еске алып, рухына тәу-зым етіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Ерен еңбегімен ел жадында қалған ардақты азаматтың бірегей болмысын оқу орнының түлектері жыр шумақтарымен жеткізді.**

Ғазиза ӘБІЛДА.

# Тұлғаға Тағзым

Исатай Әбдікәрімов 1923 жылы 15 мамырда Жаңақорған ауданының Өзгент ауылында туған. 1952 жылы Қызылордадағы В.Н.Тоголь атындағы педагогикалық институтын, 1954 жылы КПСС Орталық комитетінің Жоғары партия мектебін, 1962 жылы Қызылорда гидротехникумын бітірген. Алғашқы еңбек жолын аудан өмірінен бастаған азамат, облыстың үш ауданын басқарып, 1972-1978 жылдары Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1978-1979 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы болды.

Ол КПСС XXIV съезінің делегаты, СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды, екі рет «Ленин» орденімен, «Октябрь революциясы», «Құрмет белгісі» ордендерімен және СССР медальдарымен марапатталды.

Қорқыт ата атындағы КМУ-дың профессоры Қазыбай Құдайбергенов сөз кезегінде Исатай Әбдікәрімовтің Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, майданның алғы шебіндегі жауапты міндеттерді атқарғанын атап өтті. Полктің политруғы болған запастағы полковник, іскер азамат елге оралған соң да еңбек майданына қызу араласып, аудандық, облыстық, мемлекеттік деңгейдегі жоғары лауазымдардың тізгінін ұстап, адал қызметімен, білікті басшылығымен абыройға бөленген ардақты жан екенін тебіреніспен еске алды.

Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің директоры, техника ғылымдарының кандидаты Тәшім Оразбек И.Әбдікәрімовтің өнегелі өмір жолындағы адами болмысын, кісілік қасиеттерін айрықша атап өтті. Сондай-ақ, колледж директоры Ибадулла Құттықожаев мемлекет және қоғам қайраткерінің мағыналы өмірін өскелең ұрпаққа үлгі етті.

Жиын соңында жас мамандар даярлауда жемісті еңбек етіп жүрген біратар колледж оқушыларына Құрмет грамотасы табыс-талды. Жылдағы дәстүрге сай шара соңы облыстық баскетбол турнирімен жалғасын тапты.

Ұлкен ұлы Ағымсалы еңбегіне белгілі суретші, Қазақстанның өмік сінірген қайраткері, мемлекеттік және көптеген халықаралық сыйлықтардың, «Құрмет» орденінің иегері.

Жаратушының мол етіп берген дарынын аса ұқыптылықпен рухани материалдық дүниеге айналдыра білген Ағымсалы ҚР ұлттық ақшасы – теңгені безендіруші авторлардың бірі. Туындылары Қазақстанның және шетелдердің өнер мұражайларына қойылған.

Ағымсалының жұбайы әрі өнердегі серіктесі – Тұлғазия Қастеева атақты суретші Ә.Қастеевтің қызы. Екеуі де ел игілігіне қызмет етуде.

Екінші ұлы Алмастың да өнер саласында өзіндік дара жолы бар елге белгілі қайраткер. Еліміздің және біратар шетел мемлекеттерінің музейлерін көркемдеумен айналысып, көп жылғы адал еңбегі бағаланып, «Парасат» орденімен марапатталған.

Қызы Айнагүл тәрбиеші мамандығынан бастап, өз еңбекқорлығының арқасында балабақша меңгерушісі қызметіне дейін өсті. Әріптестері әлі күнге дейін адал, талапшыл, еңбеккер басшысын ортамызда болмаса да еске алады. Қызы Жайнагүл облысымызға белгілі ұстаздар қатарында, облыстың «Үздік ұстаз» грантының иегері атанып, қазіргі уақытта «Назарбаев Зияткерлік мектептері» педагогикалық шеберлік орталығының маманы.

Ұлдары Жалғас, Аюпхан, Әділхан әкелерінің жолымен оғандық қызмет етуді таңдады. Жалғас Қызылорда ішкі істер департаментінің қалалық бөлімінде адал еңбек етіп, зейнетке шыққан. Аюпхан мен Әділхан қазіргі кезде Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде абыроймен қызмет атқарауда. Адал еңбегі бағаланған Аюпхан «Құрмет» орденінің иегері.

Отбасылық құндылықты аса қадірлеген Дүзелхан әулетінде 7 баладан 18 немере мен 21 шөбере тараған. Сонында қалған ұрпақтары ата-аналарынан бойларына сінірген қадір-қасиеттерін есіне тұтып, халық игілігі үшін адал қызмет көрсетуде.

Ел боламыз десек, елге жан-тәнімен қызмет еткендердің есімін жастарға өсиет ету парызымыз деп білемін.

**Қосжан ЖӘНИУЛЫ, КР Прокуратурасының құрметті қызметкері, еңбек ардагері.**

■ «СЫР БОЙЫ» – 90

Рашид Жарылқасынов, ардагер-журналист:

# «Әкемнің қаламы өзіме мұра болды»

«Сыр бойының» 90 жылдық тарихында басылымның аудандардағы тілшілерінің алар орны бір бөлек. Қарашырақтың ортақ абыройын асқақтатуда олардың еңбегі зор. Солардың қатарында басылымның Қармакшы мен Жалағаш ауданында 20 жылдан астам меншікті тілшісі болған Рашид Жарылқасынов та бар. Арнайы Қармакшыдағы ағаның шаңырағына соқтық. Аула есігінен «Ассалаумағалейкум» деп ене берген бізді Рашид ағаның өзі қарсы алды. Ардагер тілші көктем мезгілі болған соң есік алдындағы шағын бақшалық жерге көкөністің түр-түрін егіпті. Жасы 80-нен асқан ол аула ішіндегі қара талдың түбіне қос үстелді немересіне алдыртып, біздің бұйымтайға құлақ асты.

– Аға, биылғы «Сыр бойының» 90 жылдығын ұмытпаған шығарсыз. Өзіңіз секілді аға буын – ардагерлермен сұхбат жүргізудеміз. Сіздер жүріп өткен жолдың кейінгі бұйымтай болары анық. Алдымен туған жеріңіз, өскен ортаңыз жайлы естісек.

– Жөн. Неге ұмытпайын?! Зейнет жасына дейін тер төккен өз газетім ғой. Ал енді өзіме келер болсақ, шүкір, жүріп жатырмыз. Өткеніме көз жүгіртсем, қуанышты жағдай да көп болыпты. Өкінішті сәттер де кездеседі. Адам баласын арасын шаң қылған қоныс тепкен III Интернационал ауылында өтті. Елдің шығыс жағында бұрынғы майда серіктестіктерден (ТОЗ) құрылған Жанажол ауылы орналасқан. Шіркін-ай, дала қандай кен, ауа қандай тап-таза десенші! Түн ортасы үрген иттердің даусы ана ауылдан мына ауылға анық естіліп жататын. Екі ауылдың арасын шаң қылған балалық шақтың қайран күндерін еске алып отырудың өзі бір ганибет.

Әкем Сахи Жарылқасынов осы Қармакшыда туған деп әліңде айттым ғой. Елге белгілі, сыйлы адам болғанын бала кезімізнен көріп өстім. Шығармашылық жақындауымыз басты себебі де сол шығар. Өйткені, әкем 1932-38 жылдары аудандық «Екпінді» деп аталатын газеттің іргетасын қалап, кейіннен Жалағашқа қарасты «Колхозшы» газетінің редакторы болған. Одан кейін де аудандық партия комитетінің насихат және

Әуел баста латын әрпімен шыққан газет атауы «Екпінді» еді. Талай талапты әріптестермен бірге еңбек еттім. Солардың қатарында Жарас Ахметов, Өтеген Күмісбаев, Мағираш Сарикова, Шаһизада Құттыаяқов есімдерін ерекше айтар едім. Олар кейінірек елге белгілі жазушы, ақын, филолог-ғалым ретінде танымал болды. Бәйтерек бір-біріне қарап бой түзеп, биіктеп өседі. Сондай-ақ, әріптес қаламгерлердің татымды туындылары баршамыздың ортақ қуанышымыз болатын.

– Ата басылымға ауысып, Қармакшы мен Жалағаштағы жаңалықты жиі жазатын ең жүрдек меншікті тілші болған деп естіміз. Сіздің ақпарат саласында жүрген уақытта сын садағына ілінген оқиғалар жиі болған шығар? Солардан еске түсірсек...

– 1958 жылдан бастап аудандық газетте жұмыс жасап жүріп, Алматыдағы, бүгінгі ҚазМУ-дің «журналистика» факультетін сырттай 1965 жылы бітіріп алдым. Мұнда да елге белгілі қаламгерлер Абдулхамит Мархабаев, Қойшығара Салғарин, Әбіш Кекілбаев, Сәбит Досановпен оқыдым. 1975 жылы облыстық газетке ауыстым. Мұнда сол кездегі редактор Қалқабай Әбенбетовтің шақыртуымен келген едім. Ол кезге дейін Алматыдағы жоғарғы партия мектебін екі жыл оқып, аудандық комитетте жұмыс істеп жүрген кезім. Қалақең сыртымынан естіп, жазу-сызуымды бақылап жүрсе керек. Меншікті тілші қызметінде ең ұзақ жүрген Аралдағы Шәкірат Дәрмағанбетов екеуміз шығар. Жалағаш пен Қармакшы аудандары бойынша



дақтайтын көрмеде қола жүлдеге ие болғаным бар.

Сұрағына келсек, ол кезде айына бір рет сын мақала, аптасына бір фельетон беріп тұратынбыз. Бұл аудандық көлемдегі егін мен мал шаруашылығын ақпарат қылып беруден бөлек тұратын. Сыни көзқарастағы жазылған барлық мақалаға аудандық басылымға арнайы жиналыс жасап, қателікті дер кезінде түзуге ұмты-

алдырған. Осыны сынап жаздым. Облыстық газетке шыққан мақалаға сол кездегі облыс басылымы өзі кіріскен көрінеді. Кіріскенде қалай, «бұл журналистің жазылған дүниесі дәлелді ме?» деген сұрақ қой. Сөйтсем, атакты күрешші мен обкомда үлкен қызметтегі басшымен жақын қарым-қатынаста, аралас-құраластығы бар адам екен. Мұны кейіннен білдім. Олардың қоқан-лоққысынан ыға қоймадым. Себебі, барлық дәлел болатындай құжаттар өзімде еді. Тіпті болмағанда, республикалық «Социалистік Қазақстан», «Қазақстанская правда» газеттеріне жарымын деп іштей дайындалып жүргенмін. Бірақ, облыс басылымы мұны әрі қарай қозғамады. Қысыңыз екенін өздері де сезген болуы керек. Осындай сынаға қарсылық болғаны бар. Бірақ, басқа кемшілікті жазған сын болсын, сықақ болсын, барлығына жауап беріліп жататын. Ал бұған дейін аудандық басылымда көбіне-көп жазатынымыз мал шаруашылығы, егістік жайлы ғана болды.

Жұрттан асып кетейін дегенім жоқ. Мәселе жауапкершілікте. Әлгі, сенін ең шалт, тез қимылдайтын журналист дегеніме айтып отырмын. Иә, облыстық газеттің талабы күшті еді ғой. Темірдей тәртіп. Бүгінгі көргенімді отыра қалып жазып, түнімен жіберу керек. Ал сол жазғаның таң атпай редактордың алдында жатуы тиіс. Өйткені, мақала бір күн кешіксе, мағынасы да, маңызды да жойылды дей бер. Осындай жылдамдықпен жұмыс

жұмыс уақытпен санаспайды, бірақ, осы мамандықты шексіз сүйгеніме еш өкінем емеспін.

Айтпақшы, ата басылымның 70 жылдығында Әскербек Рахымбекұлының «Жарайсың, Жарылқасынов!» деген мақаласы шықты. Сонда барлығын қамти келе, мен «ең жылдам әрі жауапты журналист» ретінде суреттепті. Жоғарыда айтқандай, Әскең мұны аудандағы барлық жаңалықты дер кезінде, уақытылы жіберуіме байланысты айтса керек.

– Жарты ғасырдан астам уақыт журналистика саласында қызмет еттіңіз. Сізге қамқор болған аға әріптестер мен өзіңіз сүйсіне оқитын замандас тілшілер туралы айтып бересіңіз...

– Әуелі, аудандық «Коммунизм шамшырағы», оның алдында «Қызыл ту» деп аталған газеттен бастайын. Мұнда Әбдіраш Сатыбалдиев деген өте сауатты, сыпайы кісі болатын. Мені жұмысқа алған сол кісі еді. Шәкірат ретінде алдынан өттім. Сенетін. Ақылды адам сенген соң, мақаланы да тамаша етіп жазуға тырысатынбыз. Бұрыннан жазуға қаныққан менің мақалаларымды оқымай-ақ қол қоятын. Одан кейін Қален Әбдешов, Шәкірат Дәрмағанбетов сияқты талантты журналистермен қызмет істеу бақыты бұйырды.

«Сыр бойы» газетіне барғанда белгілі жазушылармен қатар жүрдік. Қошпабай Сүйіншіұлы, Дархан Сапаров, Мырқы Исаяв сынды Қазақстанға белгілі азаматтар. Соларға ұсап талпына бастадым. Редакторлар да қарымды ағалар еді. Қалқабай Әбенбетов кейін Нүрділда Уәлиев деген білікті басшы келді. Содан кейін Әскербек Рахымбекұлымен жұмыс жасалды. Барлығы үнемі жол сілтеп, бағдар беретін, өте сауатты, заманының білімді кісілері болатын. Өзімнен қатар Айжарық Сәдібекулы да осы газетке келді. Кейіннен өзіме ұнайтыны марқұм Қазі Данабаев еді. Шойзада Рахметбеков деген тереңзектік жігіт те болды. Бұл жалғаннан олар да кетті. Көп жігіттер 50 жастың ол жақ, бұл жағында ана дүниеге аттанып кете берді. Бүгінде қасында жүрген өз ағаларың Жолдасбек, Дүйсенбектер де кейінгі буынға кірді. Толқынды толқын қуатынын өзін де білесің, шығарым. Осындай жақсы толқандар біздің «Сыр бойында» әмәнда жетерлік. Абыройды ту еткен басылым бұл.

– Кенестік жүйені көріп өттіңіз. Егемен ел болғалы, шүкір, тұрмыс та әлдеқайда түзелді. Сізді бұрынғы мен бүгінгіге қатысты не ойлайдырады?

– Бұл сұрақ біраз жайттарды есіме түсіргендей. Тындасаң айттайын. 60-жылдардың орта тұсында елде хрущевтік реформалар қызу жүріп жатты. Ол өзгерістердің барлығы Қазақстанға ауыр тиді. Республикадағы облыстар территориялық жағынан бөлшектеліп, жанадан құрылған өлкелердің құрамына енгізілді. Қызылорда, Жамбыл, Шымкент аймағы бір Оңтүстік Қазақстан өлкесінің құрамына кірді. Орталығы Шымкент. Бұл жай ғана өзгеріс емес, ұлттық мүддеге мүлдем қарағар, китүртқы саясаттың нақ өзі бола-

алып, ұрандатуға көшті. Озаттарды «Коммунистік еңбектің екпінділері», «Коммунизм шамшырақтары» деп өтірік ардақтап, атак-данқын айға асырып жатты. Жоғарғы топтың белсенділері «коммунизм» дегенді киелі сөзге айналдырып, әр ауылға соны тана бастады. Мен сол кезде жауапты хатшы болып қызмет атқаратын Қармакшы аудандық «Қызыл ту» газеті «Коммунизм шамшырағы» деп өзгертілген еді.

Ол кездегі Совет үкіметі де, оны жақтаушылар да ұлттардың дәстүрі мен салт-санасын онша ұната қойған жоқ. Көпшілік қатысқан жиналыстарда «Ескілік еткеннен тартпасаң» дегенді мақсат еткендер болды. Атадан қалған жөн-жоралғының бәрін сын тезіне салып, жарамсыз етті. Басылымдарда «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар», «Үйрен жақсы әдеттен, жирен жаман әдеттен» деген бас тақырыптармен берілген сыни мақалалар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетуші еді ғой. Тойларды өткізуде де саяси мән беріліп, киіп кигізу, құда аттандыру, бата беру, қалың мал жоралғысы дейтін қол-қаулеттің бәрі құдайшылықтың белгісі деп ашық түрде айыпталып жататын.

Иә, бұл өткен күндерден қалған бір белгі. Бүгінде егеменді елімізде бұның бәрін жаңғыртып, қайтарып алып жатырмыз. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында қыруар шаруалар атқарылды. Ең бастысы, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, ұмытылған кейбірін қайта жаңғыртуға көшкеніміз мені қуантады. Құдайға жалғыз, заман өзгерді, ел жаңарды. Ұлттық болмысымыздан айырыла жаздаған сүренсіз күндер артта қалып, мәңгілік еліміздің көк туы желбіреуде. Бұл бақытты шақ, жана дәуірдің жарқын көрінісі. Марқұм ауылы жарым Шарапат немерелеріне қарап, «бұлар жана заманның бақытты перзенттері» дейтін. Шыны керек, біздің ұл-қызымыз орыс мектебін тәмамдады. Ал немерелерімді ау бастан қазақ мектебіне беруді ұйғарды. Солай жасалдық да. Ана тілі мен ұлт құндылығын бойына сіңірген ұрпақ елге қызмет қылуға алдына жан салмас деген үміт бар менде.

– Күні бүгінге дейін қолдан қаламыңызды тастамай келесіз. Оған қалды аудан мен облыс көлеміндегі ардагерлер жұмысында да белсенді екеніңізді байқап қаламыз. Сексеннің сеніріне келгенде кейінгі буынға айтар ақыл-гәзетке естісек дейміз...

– Жарты ғасырға жуық газетке қызмет етіп, оның ішінде тұтас 20 жылды «Сыр бойына» арнағаным өзімді бақытты сезінемін. Әлі де ел ішіндегі ұрпақ тәрбиесіне қатысты шаралардан қалыс қалмаймын. Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде рухани құндылықтарды жаңғыртуға білгенімді үйретіп келеміз.

Биылғы 90 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған «Сыр бойы» газетінің алар асуы әлі алда. Мұны ұмытпауымыз керек. Ел бірлігін, халық мұрасын насихаттауда маңызды рөл атқаратын бұл басылым осы бағытынан еш таймау керек. Еңбек-



үгіт бөлімінің меңгерушісі, кейіннен соғыс жылдары қайта аты өзгерген Қармакшыдағы «Қызыл ту» газетінің жауапты хатшысы болды. Зейнет жасына дейін Төрткөл, Қашқансу ауылдық атқару комитетінің төрағасы болып та қызмет атқарды. Әкемнің шығармашылығын, іскерлігі мен тынымсыз еңбексүйіштігі маған үлгі болды. Отбасыма 4 ұл мен 4 қыздың үлкені едім. Қазір 81 жастамын. 1964 жылы марқұм апаң Шарапатқа қосылып, 53 жыл бірге өмір сүрдік. Құдай берген бес ұл-қыз сүйіп, немере қызығына батып отырған жайымыз бар.

– Әкемнен кейінгі қаламды қолға алдым дедіңіз... Тілшілік тіршілікте ең алғаш қашан мақала жазғаныңыз есіңізде ме? Алғашқы журналистік қызмет баспадағы қалай бастау алды?

– Ең алғаш қанатымды қатайтып, тағлымды тәрбиесімен аялап өсірген алтын ұям, аудан өмірінің айнасы – «Қармакшы таны» газеті. Осында өсіп өседім, ержеттім. Осында түлеп, ой толғап, жоғра түстім. Ол – мәртебесі биік, мансабы жоғары «журналист» деген мамандық еді. «Алма ағашынан алыс түспейді» демей ме?! Әке тәрбиесінің ықпалы болуы керек, 6-шы сыныпта алғашқы мақалам шықты. Бұл 1953 жылы еді. Ауыл спорты жөнінде жазған шағын әңгімем «Қазақстан пионері» деген (қазіргі «Ұлан») газетке басылып шыққаны есімде. Содан кейін 8, 9, 10-сыныптарда үзбей аудандық, облыстық басылымдарда шыға бастады.

Содан 1958 жылдан бастап аудандық газетке әдеби қызметкер болып орналастым. Бүгінде мен сол алтын ұямның талай жас тілшілерді тәрбиелеп өсірген ұстанымы нық, өткен жолдары шежіреге толы киелі мектепке айналғанын мақтан етемін. Ауданнан шығатын жалғыз басылымның бүгінгі тарихы 87 жылдан асып кетті.



меншікті тілші ретіндегі қызметім осылай басталған. Кейінірек Байқоңырды қосып берді. Сол үш ауданда 20 жыл істеп, 1995 жылы зейнет жасына да жеттік. Шыны керек, осы 20 жыл ішінде ешқандай сөгіс естімедім. Бірнеше облыс пен аудан хатшыларынан, Журналистер одағының грамоталарымен марапатталды. Осы «Ленин жолында» жүргенімде Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерін, яғни, еңбеккерлерді ма-

латын. Жазғанымызға қатысты ол кезде жұмыстан қуу, партия қатарынан шығару сияқты жайттар көптеп кездесті. Біз тек көрген шындығымызды бұрмаламай жаздық. Газет сонысымен қадірлі, абыройы үстем болды.

Менің есімде қалған мына бір оқиға бар. Жалағаш ауданына қарасты «Еңбек» деген колхоз болды. Бірде сол колхоздағы атакты күршінің баласы ауылдық кенесте жауапты қызметте бола тұра, ішімдік ішіп, төбелес шығарып, бұзақылыққа бой

істедік. Түнгі пойыздардан немесе жол үстіндегі көліктерге жазғаныңды нығырлай тапсырып жатасын. Мен көбіне жолсеріктер арқылы вокзалдағы кезекші милицияларға беріп жіберетінмін. Ал ол жігіттер де бөлсінбей, түп-тура редакцияға жеткізе қояды. Тілші деген халықтың осыдан абыройын түсіне беріңіз. Көбіне арнайы пакетпен жіберетінбіз. Қолжазба күйінде. Қазіргідей интернеттің жоқ. Шұғыл хабарларды телефонмен айтып отыратын уақыттар да болды.

тын. Бас хатшы Хрущев әбден бас-тамашыл болып алды. «Орыс тілін жетік меңгерсек, коммунизмге тезірек жетеміз» деп ұрандатты. Бұл Одақ құрамындағы ұлттарды түбегейлі жою жолы екендігіне көз жете тұра, жұрт іштен тынып, ләм-мим демеді.

«Өр заманның өз сұрқылтайы болады» деген сөз бар. Айдашап идеологтар компартияның көсемінің нағыз сұрқылтайларына айналды. Мәскеуден шыққан әрбір сөзді іліп

терің жемісті, кәсіптерің берекелі болсын. Редакцияға сәлем айт. 80-нен асқан ардагер аталарыңды іздеп келген сендерге мың алғыс!!!

– Аға, қуатты болыңыз! Балалар мен немере қызығына бөленіп, ұзақ жасаңыз!

Сұхбаттасқан  
Ержан ҚОЖАСОВ,  
«Сыр бойы».  
Қармакшы ауданы.



# Ақпараттық хабарлама Таратылған банктердің салымшылары неге өз ақшасын алғысы келмейді?

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБК) «Астана Банкі» АҚ, «Qazaq Bank» АҚ және «Қазакстан Эксимбанк» АҚ салымшыларына бүгін ел бойынша өтем төлеуді жалғастырды. Салымшылар-жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер-жинақталған сыйақымен қоса, салымдар бойынша өтемі ағымдағы шоттары мен төлем карточкалары арқылы алуда.

«Астана Банкі» АҚ, «Астана Банкі» АҚ салымшыларына өтемі төлеу жеке тұлғалар қызмет көрсететін «Еуразиялық банк» АҚ агент-банкінң барлық бөлімшелерінде жүргізіледі. ҚДКБК қазіргі оғанды міндеттемелердің 97%-и өтеді. 36,5 миллиард теңге төленді, оның ішінде 23 миллиард теңге алғашқы екі күнде төленген болатын. Төлем беру басталған күні қарбалас бола койған жоқ: ҚДКБК және агент-банкбөлімшелерде өтініш беру және тексеру процесін жеделдету және салымшыларға қызмет көрсету тиімділігін арттыруда барлық күш-жігерін жұмсады.

«Qazaq Bank» АҚ, өтемі төлеу Қазақстан аумағындағы «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕУ агент-банкінң барлық бөлімшелерінде жүргізіледі. ҚДКБК ең жүзінде салымшылардың алдындағы өз міндеттемелерін өтеді: 20 миллиард теңге – салымшылардың алдындағы міндеттемелердің бастапқы сомасының 98%-и төленді.

«Қазакстан Эксимбанк» АҚ Төлем Ұлттық почта операторы – «Қазпочта» АҚ-ның орталық бөлімшелерінде Қазақстанның бес қаласында жүргізіледі. Эксимбанк салымшыларына 257 миллион теңге – міндеттемелер сомасының 99%-и төленді.

Осы үш банктің салымшыларына өтеу сомасының қалдығы міндеттемелердің бастапқы сомасының тек 3%-ын (1,5 миллиард теңге) құрағанына қарамастан, төлем алу үшін 230 мыңнан астам адам (81%) хабарласқан жоқ. Өтініш білдірмеген салымшылардың негізгі бөлігі – 220 мың адам – бұл «Астана Банкі» АҚ салымшылары.

Төлем үшін өтініштердің неғұрлым жоғары пайызы Маңғыстау, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады (21-23%); ең төмені – Алматы және Жамбыл облыстарында (14%). Салымшылар саны бәрінша көп – Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында – өтініш беру дәрежесі 15%-дан (Шымкент) 19%-ға (Алматы) дейін құбылады.

Салымшыларға қонырау шалу, салымшылардың 19%-и төлеу мерзімінің соңына дейін өтініш білдіруді жоспарлап отырғанын көрсетті. Күні сайын агент-банктер кепіл түскен өтініштер бойынша 5-тен 20 миллион теңгеге дейін төлейді.

Сонымен қатар, салымшылардың 62%-и төлемге өтініш беруге асығар емес, себебі олардың пікірі бойынша шоттардағы қалдықтар азғантай соманы құрайды. Жоғарыда көрсетілген үш банктің салымшыларының 220 мың адамның (74%) 5 мың теңге көлемінде депозиттер бар, оның ішінде 178 мың салымшы (60%) – 1 мың теңгеден аспайды. Бұл ретте төлем үшін агент-банкке өтініш бергендердің үлесі депозиттердегі қалдық сомасының ұлғаюына қарай өседі. Мысалы, 1000 теңгеге дейінгі қалдық сомасы бар «Астана Банкі» АҚ салымшыларының арасында өтініш бергендердің үлесі небәрі 1,4%-ды құрайды, 1 млн теңгеден астам қалдық сомасы бар салымшылардың арасында төлем сомасының 98,6%-ға дейін өсуіне қарай ұлғаюда.

Нәтижесінде, сауалнама қорытындылары салымшылардың 19%-и төлем алуға өтініш білдіргенін көрсетті, 19%-и төлем мерзімінің соңына дейін өтініш білдіруді жоспарлап отыр, салымшылардың қалған 62%-и кепілдік берілген өтемі сомасын алуға өтініш білдіруді жоспарлап отырған жоқ.

ҚДКБК қызметкерлері «Қазакстан Эксимбанк» АҚ және «Qazaq Bank» АҚ-ның барлық салымшыларына қонырау шалуы, «Астана Банкі» АҚ барлық салымшыларына және ҚДКБК байланыс орталығы бірнеше рет СМС-хабарламалар жіберді, сондай-ақ агент-банк төлем туралы ақпараттарды мақсатында «Астана Банкі» АҚ салымшыларының әрқайсысына қонырау шалуы әлі де жалғастырылды.

Қолданыстағы заңнамалық реттеу салымшының нақты қатысуын талап ететіндіктен, осы проблеманы шешу салымшының жазаба өтініш беру қажеттілігіне, салымшының Электрондық үкімет порталында салымшының сәйкестендіру арқылы кепілдік берілген өтемі салымшының қолданыстағы банктік шотына автоматты түрде төлеуді жүзеге асыру жолымен кепілдік берілген өтемі төлеу рәсімдерін қайта қарау арқылы көрінеді.

ҚДКБК көрсетілген концепті енгізуге мүмкіндік беретін, депозитордың Электрондық үкімет порталына онлайн режимінде өтініш беруін қоса, түрлі нұсқаларды қарастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, ҚДКБК агент-банкке әлі өтініш білдірмеген салымшыларды, жеке тұлғаларға қызмет көрсететін кез келген бөлімшеге кез келген ыңғайлы күні келіп өтініш беруге шақырады.

24 маусымға дейін – «Qazaq Bank» АҚ салымшылары «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕУ-на, 26 шілдеге дейін – «Астана Банкі» АҚ салымшылары «Еуразиялық банк» АҚ-ға, 4 тамызға дейін – «Қазакстан Эксимбанк» АҚ салымшылары «Қазпочта» АҚ-ға.

Таратылған банктердің салымшыларына өтемі төлеу салымшылардың өтініштері бойынша жүргізіледі. Ақша агент-банктерде қарастырылған және кез келген сағате алуға қол жетімді. Агент-банк арқылы төлем мерзімі аяқталған кейін өтемі тікелей ҚДКБК-дан алуға болады.

Депозит мөлшері кепілдік берілген сомадан (5/10/15 миллион теңге) асыған салымшылар – ал мұндай салымшылар таратылатын үш банк бойынша 2 мыңдай (салымшылардың жалпы санының 0,7%) – тарату комиссияларымен жүзеге асырылатын болады.

Кепілдік берілген соманың ең жоғары мөлшерін ескермей, ірі соманы бір банкте орналастыру шешімі, салымшыны айтарлықтай кредит тәуекеліне әжеп соқтырады. Банк таратылған жағдайда, тарату өндірісі барысында қаражаттың қайтарылуын күтуге байланысты шығындар салымдар бойынша жоғары кірістіліктен, кәсіп-бектің болуымен немесе қызмет көрсетудің басқа да тартымды жағдайларымен өтелеіне мүмкін. Сондықтан, қандай да бір банкте өз жинақтарының сәуір бөлігін орналастыруға саналы шешім қабылдағандың салымшының өзінің қызметін талап, осы бағытпен сенімділік дәрежесін бағалауы тиіс.

«Астана Банкі» АҚ және «Qazaq Bank» АҚ тарату комиссиялары жеке тұлғалардың жалпы сомасы 2 миллиард теңгеден асып 1 405 өтініш тіркелді – бұл осы банктердегі барлық кепілдік берілген депозиттердің 3,4%-ын құрайды. Бұл салымшылардың талаптары 4-кезекте кредит-торлар тізіміне енгізілген. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредит-торлардың тізімін және банктің барлық активтері мен міндеттемелерін көрсететін аралық балансты бекіткеннен кейін (шамамен мамыр-маусымда) тарату комиссиялары банк кредит-торларын есеп айырысуға кіріседі.

Банк кредит-торлары әрбір банктің тарату жылдамдығын, тиімділігін және кірістілігін бақылай алады. Бұл бақылау кредит-торлар комитеті арқылы іске асырылатын болады, онда әрбір кезектегі ең ірі кредит-торлар заңды және тұрақты негізде қатысатын болады. Банк таратылған кезде ақша бір кезектегі барлық кредит-торлар арасында тепе-тең бөлінгендіктен, кредит-торлардың барлық өкілдері тарату процесін жылдамдығы мен тиімділігіне мүдделі. ҚДКБК сондай-ақ кредит-тор комитетінің құрамына кіреді және тарату процесін барымталу хабарлар ететін болады.

Депозиттер бойынша кепілдік туралы жеке өтемі төлеуге және тарату комиссиясының жұмыс тәртібіне байланысты барлық мәселелер бойынша консультацияны қол-орталықтан алуға болады: 1460, @KDIF\_ASK Телеграм-чаттында және ҚДКБК веб-сайтында www.kdif.kz.

# ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

<p><b>QAZAQSTAN</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 20 мамыр</b></p> <p>9:00 «Дала ойындары» 9:15 «Пороро және оның достары» 9:40 «Қайран күндер» 11:30 «Менің Қазақстаным» 12:00, 16:00, 19:00, 0:10 Ақпарат 12:10 «Қызыл алма» 13:10 «Жанайқай» 15:00 «Шаһуғар» 16:15 «Арта» 17:15 «Көңіл толқыну» 18:00 «Қайран күндер» 19:40 «Қарекет» 20:40 «Гүлпері»</p>	<p>22:10, 2:25 «Tungi studio» 23:00 «Сәлем, Қазақстан!» 0:45 «Ұлт мақтанышы»</p> <p><b>Сейсенбі, 21 мамыр</b></p> <p>9:00 «Дала ойындары» 9:15 «Пороро және оның достары» 9:40, 18:00 «Қайран күндер» 10:40, 16:15 «Қузық екен...» 11:35, 0:30 «Дан ұлыту» 12:00, 16:00, 19:00, 23:30 Ақпарат 12:10 «Қызыл алма» 13:10 «Көңілашар» 13:30 «Гүлпері» 15:00 «Шаһуғар» 17:05, 3:10 «Көңіл толқыну» 19:40 «Қарекет»</p>	<p>20:40 «Гүлпері» 21:40, 2:30 «Tungi studio» 22:30 «Сәлем, Қазақстан!» 0:05 «Достар»</p> <p><b>Сәрсенбі, 22 мамыр</b></p> <p>5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 5:35 «Элвин мен алақоржындар» 6:00 «Тағзылшолпан» 9:00 «Дала ойындары» 9:15 «Пороро және оның достары» 9:40, 18:00 «Қайран күндер» 10:40, 16:15 «Қузық екен...» 11:30, 0:30 «Келбет» 12:00, 16:00, 19:00, 23:30 Ақпарат</p>	<p>12:10 «Қызыл алма» 13:10 «Көңілашар» 14:00, 20:40 «Гүлпері» 15:00 «Шаһуғар» 17:05, 3:10 «Көңіл толқыну» 19:40 «Қарекет» 21:40, 2:30 «Tungi studio» 22:30 «Сәлем, Қазақстан!» 0:05 «Достар» 0:55 «Қалампыр» 1:40 «Саған сенемін»</p> <p><b>Бейсенбі, 23 мамыр</b></p> <p>5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 5:35 «Элвин мен алақоржындар»</p>	<p>6:00 «Тағзылшолпан» 9:00 «Дала ойындары» 9:15 «Пороро және оның достары» 9:40, 18:00 «Қайран күндер» 10:40, 16:15 «Қузық екен...» 11:35, 0:35 «Серпін» 12:00, 16:00, 19:00, 23:30 Ақпарат 12:10 «Қызыл алма» 13:10 «Көңілашар» 14:00, 20:40 «Гүлпері» 15:00 «Шаһуғар» 17:05, 3:20 «Көңіл толқыну» 19:40 «Қарекет» 21:40, 2:40 «Tungi studio» 22:30 «Сәлем, Қазақстан!» 0:05 «Достар» 1:05 «Қалампыр»</p>	<p>1:50 «Саған сенемін».</p> <p><b>Жұма, 24 мамыр</b></p> <p>5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 5:35 «Элвин мен алақоржындар» 6:00 «Тағзылшолпан» 9:00 «Дала ойындары» 9:15 «Пороро және оның достары» 9:40, 18:00 «Қайран күндер» 10:40, 16:15 «Қузық екен...» 11:35, 1:30 «Арттай жұбан» 12:00, 16:00, 19:00, 23:55 Ақпарат 12:10 «Қызыл алма» 13:10 «Көңілашар» 14:00, 20:40 «Гүлпері»</p> <p>15:00 «Shipage» 17:05, 3:05 «Көңіл толқыну» 19:40 «Қарекет» 21:40 «Сәлем, Қазақстан!» 23:15, 2:35 «Parasat maidany» 0:30 «Тұлға» 1:00 «Достар» 1:50 «Қалампыр».</p>
--	--	---	--	---	---



<p><b>QYZYLORDA</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 20 мамыр</b></p> <p>8:00 «Үш тағам» 9:00 «Хайди» 9:20, 15:00 «Сықырлы әткеншек» 9:45 Х/ф «Его время придет» 11:25 «Қазақстан тынысы» 12:00 «Таңғажайып табиғат» 12:15 «Емен-жарқан» 12:40 «Заңгер келесі» 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 13:25, 17:30, 22:00 Новости 13:45 «Жана күн»</p>	<p>15:40 «Тігіншілер» 18:00 Е.Жанбағренованың концерті 19:00 «Өмірдің өзі...» 20:00 «Мәртебелі мамандық» 20:20 «Тар заман» 21:10 «Бәйге» 22:25 «Тігіншілер»</p> <p><b>Сейсенбі, 21 мамыр</b></p> <p>7:35, 23:35 «Сіз білесіз бе?» 8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости 9:00 «Хайди»</p>	<p>9:20, 15:00 «Сықырлы әткеншек» 9:45, 22:25 «Тігіншілер» 10:55, 20:20 «Тар заман» 11:40 «Бәйге» 12:00 «Өмірдің өзі...» 13:45 «Жана күн» 15:40 «Тігіншілер» 18:00 «Жаңа тағам» 19:00 «Өзекжарды» 19:40 «Заңгер келесі» 20:00 «Ой-таным» 21:10 «Репортер ұсынады»</p> <p><b>Сәрсенбі, 22 мамыр</b></p> <p>7:35, 23:35 «Сіз білесіз бе?»</p>	<p>8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости 9:00 «Хайди» 9:20, 15:00 «Сықырлы әткеншек» 9:45, 22:25 «Тігіншілер» 10:55, 20:20 «Тар заман» 11:35 «Жыр-керуен» 12:00 «Өзекжарды» 12:40 «Юридическая консультация» 13:45 «Жана күн» 15:40 «Тігіншілер» 18:00 «Жүрегімің жыры»</p>	<p>19:00 «Өмірдің өзі...» 20:00 «Бизнес-бағдар» 21:10 «Туған өлке»</p> <p><b>Бейсенбі, 23 мамыр</b></p> <p>8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости 9:00 «Хайди» 9:20, 15:00 «Сықырлы әткеншек» 9:45, 22:25 «Тігіншілер» 10:55, 20:20 «Тар заман» 11:40 «Ботакан» 12:00 «Өмірдің өзі...» 13:45 «Жана күн»</p>	<p>15:40 «Тігіншілер» 18:00 Е.Әбдіхалықова мен Ж.Жексенұлының концерті 19:00 «Өзекжарды» 20:40 «Юридическая консультация» 21:10 «Салық және халық».</p> <p><b>Жұма, 24 мамыр</b></p> <p>7:35, 23:35 «Сіз білесіз бе?» 8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости 9:00 «Хайди» 9:20, 15:00 «Сықырлы әткеншек»</p>
---	---	---	--	---	--

<p><b>7</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 20 мамыр</b></p> <p>7:00, 11:00 Жаңалықтар 8:00, 12:00 Новости 9:00, 0:00 «ХабарLine» 9:25, 18:30 «Шашу» 9:50 «Журналистік зерттеу» 10:15 «Марс» 11:10 «Біздің назарда» 11:30 «Мектеп» 12:10 «Атлантида»</p>	<p>14:50, 20:30 «Ғашық жүрек» 15:45 «Тағдыр тартысы» 16:15 «Бір туынды тарихы» 16:45 «Вилли» 17:15, 23:10 «Ережесіз әңгіме» 18:00 «Тергеушілер» 19:00, 22:40 Жаңалықтар 19:30 «Online» 20:00 Итоғи дня 21:20 «На крыльях любви» 22:10 «Бетпе-бет»</p> <p><b>Сейсенбі, 21 мамыр</b></p> <p>7:00, 11:00 Жаңалықтар 8:00, 12:00 Новости</p>	<p>9:00, 0:00 «ХабарLine» 9:25, 18:30 «Шашу» 10:10, 21:20 «На крыльях любви» 11:10 «Біздің назарда» 11:30 «Өнегелі ғұмыр» 12:10 «Атлантида» 14:00 «Дайыттық сөз» 14:45, 20:30 «Ғашық жүрек» 16:10 «Ұлы дала өркеніеті» 17:00 «Народный контроль» 17:15, 23:40 «Ережесіз әңгіме» 18:00 «Тергеушілер» 19:00, 23:10 Қорытынды жаңалықтар 19:30 «Online»</p>	<p>20:00 Итоғи дня 22:10 «Большая неделя»</p> <p><b>Сәрсенбі, 22 мамыр</b></p> <p>7:00, 11:00 Жаңалықтар 8:00, 12:00 Новости 9:00 «Тергеушілер» 9:25, 18:30 «Шашу» 10:10, 21:20 «На крыльях любви» 11:35 «Бабалар ізімен» 12:10 «Атлантида» 14:10 «Дайыттық сөз» 14:45, 20:30 «Ғашық жүрек» 15:45 «Тағдыр тартысы» 16:25, 0:00 «Өмір жолы»</p>	<p>17:00 «Біздің назарда» 17:15, 23:10 «Ережесіз әңгіме» 18:00 «Бакыттыма сенемін» 19:00, 22:40 Жаңалықтар 19:30 «Online» 20:00 Итоғи дня 22:10 «Религия. Сегодня»</p> <p><b>Бейсенбі, 23 мамыр</b></p> <p>7:00, 11:00 Жаңалықтар 8:00, 12:00 Новости 9:00, 18:00 «Бакыттыма сенемін» 9:25, 18:30 «Шашу» 10:10, 21:20 «На крыльях любви» 11:40 «Балаларға өмір сыйла»</p>	<p>11:50 «Art global» 12:10 «Атлантида» 14:00, 0:00 «Кім мықты» 15:10, 20:30 «Ғашық жүрек» 16:00 «Мектеп» 16:30 «Сапа» 17:15 «Қарақатпен шай» 19:00, 23:00 Жаңалықтар 19:30 «Журналистік зерттеу» 20:00 Итоғи дня 22:10 «Ұлы дала өркеніеті»</p> <p><b>Жұма, 24 мамыр</b></p> <p>7:00, 11:00 Жаңалықтар 8:00, 12:00 Новости</p>
--	--	--	--	---	---

<p><b>7</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 20 мамыр</b></p> <p>7:00 «Доброє утро» 10:00 «Поле чудес» 11:00 «Калаулым» 14:00 «Анна Герман» 15:55 «Пусть говорят»</p>	<p>17:00 «Басты жаңалықтар» 17:45, 2:10 «Пендемиз ғой» 19:00 «Г лавные новости» 19:45, 22:00 «Братаны» 21:00, 1:25 «П@утіпа» 23:30 «Дом у последнего фонаря» 0:35 «Мужское/женское»</p> <p><b>Сейсенбі, 21 мамыр</b></p> <p>7:00 «Доброє утро»</p>	<p>10:00 «Доктор Анна» 11:00 «Калаулым» 14:00 «Анна Герман» 15:55 «Пусть говорят» 17:45, 2:10 «Кеш қалмайық» 19:00 «Г лавные новости» 19:45, 22:00 «Братаны» 21:00, 1:25 «П@утіпа» 23:30 «Дом у последнего фонаря» 0:35 «Мужское/женское»</p>	<p><b>Сәрсенбі, 22 мамыр</b></p> <p>7:00 «Доброє утро» 10:00 «Доктор Анна» 11:00 «Калаулым» 14:00 «Анна Герман» 15:55 «Пусть говорят» 17:45, 2:10 «Пендемиз ғой» 19:00 «Г лавные новости» 19:45, 22:00 «Братаны» 21:00, 1:25 «П@утіпа»</p>	<p>23:30 «Дом у последнего фонаря» 0:35 «Мужское/женское»</p> <p><b>Бейсенбі, 23 мамыр</b></p> <p>7:00 «Доброє утро» 10:00 «Доктор Анна» 11:00 «Калаулым» 14:00 «Анна Герман» 15:55 «Пусть говорят» 17:45, 2:10 «Бір сұрақ»</p>	<p>19:00 «Г лавные новости» 19:45, 22:00 «Братаны» 21:00, 1:25 «П@утіпа» 23:30 «Дом у последнего фонаря» 0:35 «Мужское/женское».</p> <p><b>Жұма, 24 мамыр</b></p> <p>7:00 «Доброє утро» 10:00 «Доктор Анна» 11:00 «Калаулым»</p>
--	--	---	--	---	--

<p><b>KTK</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 20 мамыр</b></p> <p>6:05 «Дамайсыз» 6:30 «Кайсар жесір» 7:30 «Тағдыр қосқан асыл жар» 8:30 «Юрмала» 9:50 «Тәтя Маша» 11:50 «Нужна новость с прожива-</p>	<p>нием» 13:45 «Письма на стекле» 15:40 «Өгей ана» 17:00 «Махаббат пен жаза» 18:30 Кешкі жаңалықтар 19:00, 2:45 «Астарлы ақиқат» 20:00 Вечерние новости 20:40 «Лесник» 22:40 «Впереди день»</p>	<p><b>Сейсенбі, 21 мамыр</b></p> <p>7:30 «Тағдыр қосқан асыл жар» 8:50 Новости 9:30, 20:40 «Лесник» 11:30, 22:40 «Впереди день» 13:45 «Письма на стекле» 15:40, 1:40 «Өгей ана» 17:00 «Махаббат пен жаза» 19:00, 2:45 «Астарлы ақиқат» 20:00 Вечерние новости</p>	<p>0:20 «Сүйікті Дениз»</p> <p><b>Сәрсенбі, 22 мамыр</b></p> <p>6:05, 18:30 Кешкі жаңалықтар 7:30 «Тағдыр қосқан асыл жар» 8:50 Новости 9:30, 20:40 «Лесник» 11:30, 22:40 «Впереди день» 13:45 «Письма на стекле» 15:40, 1:40 «Өгей ана»</p>	<p>17:00 «Махаббат пен жаза» 19:00, 2:45 «Астарлы ақиқат» 20:00 Вечерние новости</p> <p><b>Бейсенбі, 23 мамыр</b></p> <p>6:05, 18:30 Кешкі жаңалықтар 7:30 «Тағдыр қосқан асыл жар» 8:50 Новости 9:30, 20:40 «Лесник» 11:30, 22:40 «Впереди день» 13:45 «Письма на стекле» 15:40, 1:40 «Өгей ана»</p>	<p>13:45 «Письма на стекле» 15:40, 1:40 «Өгей ана» 17:00 «Махаббат пен жаза» 19:00, 2:35 «Астарлы ақиқат» 20:00 Вечерние новости 0:20 «Сүйікті Дениз»</p> <p><b>Жұма, 24 мамыр</b></p> <p>6:05, 18:30 Кешкі жаңалықтар 6:30 «Кайсар жесір»</p>
--	---	---	--	---	--

<p><b>ASTANA TV</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 20 мамыр</b></p> <p>5:30 «Әзілстан» 6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 6:10, 20:00 «Таңдауым сен» 7:10 Разминка с Аружан 7:20 «Избранное за неделю» 8:05, 10:30 «Маша и медведь» 9:30, 21:00 «Абысындар» 10:50 «Истребители. Последний бой» 12:00 «Біздің уақыт» 13:00 Күндізгі жаңалықтар</p>	<p>13:20 «MoneyTime» 13:40 «ТенгеманияNEXT» 14:00 «Мезгілсіз махаббат» 15:00, 23:00 «Келіндер» 16:20 «Ән мен әзіл» 17:00 «Қыз ғұмыры» 18:00 «№309» 19:00, 2:00 Жаңалықтар 19:30, 2:30 Новости «20:30»</p> <p><b>Сейсенбі, 21 мамыр</b></p> <p>5:30, 19:30, 2:30 Новости «20:30» 6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 6:10, 20:00 «Таңдауым сен» 7:10 Разминка с Аружан</p>	<p>7:20 «Маша и медведь» 8:50, 21:00 «Абысындар» 10:50 «Истребители. Последний бой» 13:00 Күндізгі жаңалықтар 13:20 «Маша и медведь» 13:40 «ТенгеманияNEXT» 14:00 «Мезгілсіз махаббат» 15:00, 23:00 «Келіндер» 16:20 «Ән мен әзіл» 17:00 «Қыз ғұмыры» 18:00 «№309» 0:00 «Қара нан»</p> <p><b>Сәрсенбі, 22 мамыр</b></p> <p>5:00, 19:00, 2:00 Жаңалықтар</p>	<p>5:30, 19:30, 2:30 Новости «20:30» 6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 6:10, 20:00 «Таңдауым сен» 7:10 Разминка с Аружан 7:20 «Маша и медведь» 8:50, 21:00 «Абысындар» 10:50 «Истребители. Последний бой» 13:00 Күндізгі жаңалықтар 13:20 «Маша и медведь» 13:40 «ТенгеманияNEXT» 14:00 «Тракторшының махаббаты» 15:00, 23:00 «Келіндер» 16:20 «Ән мен әзіл»</p>	<p>17:00 «Қыз ғұмыры» 18:00 «№309» 0:00 «Қара нан»</p> <p><b>Бейсенбі, 23 мамыр</b></p> <p>5:00, 19:00, 2:00 Жаңалықтар 5:30, 19:30, 2:30 Новости «20:30» 6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 6:10, 20:00 «Таңдауым сен» 7:10 Разминка с Аружан 7:20 «Маша и медведь» 8:50, 21:00 «Абысындар» 10:50 «Истребители. Последний бой»</p>	<p>12:00 «Черный цветок» 13:00 Күндізгі жаңалықтар 13:20 «MoneyTime» 13:40 «ТенгеманияNEXT» 14:00 «Тракторшының махаббаты» 15:00, 23:00 «Келіндер» 16:20 «Ән мен әзіл» 17:00 «Қыз ғұмыры» 18:00 «№309» 0:00 «Қара нан».</p> <p><b>Жұма, 24 мамыр</b></p> <p>5:00, 19:00, 2:00 Жаңалықтар 5:30, 19:30, 2:30 Новости «20:30» 6:00 Аружанмен бой жазу</p>
---	---	---	--	--	--

--

## 2019 жылғы үлгідегі дизайны өзгертілген айналыстағы монеталарды айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2019 жылғы 26 сәуірде 2019 жылғы үлгідегі дизайны өзгертілген номиналды құны 1, 2, 5, 10, 20, 50 және 100 теңгелік айналыстағы монеталарды айналысқа шығарды.

Монеталардың дизайнын Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2019 жылғы 20 наурызда мақұлдады.



«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 29 маусымдағы №162-VI Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасына өзгеріс енгізілді, оған сәйкес мемлекеттік тілдегі «ҚАЗАҚСТАН» деген сөз латын графикасының негізіндегі әліпби пайдаланыла отырып «QAZAQSTAN» деп орындалды.

«QAZAQSTAN» деген жазуы бар Мемлекеттік Елтаңбаны пайдалану туралы талап 2018 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы теңге монеталары дизайнының міндетті элементі болып

табылатындықтан, Ұлттық Банк 2019 жылғы үлгідегі дизайны өзгертілген айналыстағы монеталарды айналысқа шығару туралы шешім қабылдады, олардағы жазулар латын графикасының негізіндегі әліпби пайдаланыла отырып мемлекеттік тілде орындалған.

Айналыстағы монеталардың сырт жағында (реверсінде) «QAZAQSTAN» деген сөз бар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, сондай-ақ шығарған елді білдіретін «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY» деген жазу бар.

Айналыста монеталардың бет жағында (аверсінде) монеталар номиналының цифрлық бейнеленуі, сондай-ақ ұлттық валютаның «TENGE» деген атауы мен шығарған банк атауының қысқартылған белгісі «QUB» (Qazaqstan Ulttyq Banki) бар мәтіндік жазулар орналасқан.

2019 жылғы үлгідегі дизайны өзгертілген номиналды құны 100 теңгелік айналыстағы монеталардың қырында (гуртында) «JUZ TENGE» деген жазу бар.

**Назар аударыңыз!**  
Айналыстағы монеталардың техникалық және заттай өлшемдері: массасы, диаметрі, қалыңдығы, металл құймасы өзгеріссіз сақталған. Төлем терминалдарын және басқа да қассаны қосымша қайта текшеу талап етілмейді.

Ескі және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталар заңды төлем құралы болып табылады және барлық төлем түрлері бойынша қабылдануға міндетті.

ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы.



САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ

## МӘМС жайлы не білеміз?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі мемлекет, жұмыс беруші мен азаматтар арасындағы ортақ жауапкершілік принципі бойынша жұмыс істейді. Себебі, экономика қанша дамыса да, бүкіл денсаулық сақтау саласының проблемаларын бюджеттің мойнына іліп, жауапкершілікті мемлекетке ысырып қоюға болмайды. Өйткені азаматтардың денсаулығы тек медицинаға ғана байланысты емес. Ол азаматтардың өмір сүру салтына, жұмыс істейтін жеріне және әр адамның жеке жауапкершілігіне тәуелді.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

ОБЯЗАТЕЛЬНОЕ СОЦИАЛЬНОЕ МЕДИЦИНСКОЕ СТРАХОВАНИЕ

СІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫҢИЗ - БІЗДІҢ ҚОРҒАҒЫМЫЗДА! ВАШЕ ЗДОРОВЬЕ - ПОД НАШЕЙ ЗАЩИТОЙ!

- ✓ сапалы медициналық көмек
- ✓ артық шығындарды төмендету
- ✓ качественная медицинская помощь
- ✓ снижение личных расходов

call centre 1414, 40 00 01, 29 03 82

E-mail: vopros@fms.kz

fms.kz

### МСҚ ТҮСКЕН ТҮСІМДЕР МЕН ЖАРНАЛАР: АЙМАҚТЫҚ ТҮРҒЫДАН АЛҒАНДА



Екіншіден, сақтандырылған азамат кепілдендірілген тегін медициналық көмек пен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеттері арасындағы медициналық көмек үшін қосымша төлемдердің барлық түрлерінен босатылады. Үшіншіден, медициналық сақтандыру қоры тарапынан фармацевтикалық қызмет көрсететін ұйым ретінде тандалған кел келген дәріханадан кенейтілген тізім бойынша дәрі-дәрмек ала алады. Төртіншіден, сақтандырылған азаматтың ай сайын өз атына аударылған жарналар мен медицина мекемелерінде көрсетілген көмек жайлы мәлімет алуға мүмкіндігі бар. Бесіншіден, медициналық сақтандыру қоры болашақта медициналық қызмет сапасы төмен болып жатса немесе міндетті сақтандыру жүйесіне қатысушының құқығы бұзылған жағдайда сақтандырылған азаматтардың құқығын қорғайтын болады. Жүйенің ең басты артықшылығы, медицина саласын дамытуға, бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік беретінінде.

2017 жылдың шілде мен желтоқсан айларында жұмыс берушілер жұмыскерлеріне айлық табысының 1% көлемінде өз пайдасынан төледі, ал жеке кәсіпкерлер сол жылғы ең төменгі айлық жалақының 2 еселенген мөлшерінің 5%-і көлемінде және азаматтық құқықтық келісім-шарт негізінде жұмыс атқаратындары айлық табысының 5%-і көлемінде жарна мен аударымдар аударып отырды. Әлеуметтік қорғалмаған азаматтарға мемлекет жарнаны 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап

өткен екі жылды қоса алғандағы орта айлық жалақының 1,4% көлемінде 13 санат бойынша ай сайын аударып отырады. Аударылған аударымдар мен жарналар Ұлттық банкте сақталды және Қордың ресми сайтында ашық көрсетілім табыды.

2018-2020 жылдарға белгіленген МӘМС жарналары мен аударымдарының мөлшері жұмыс берушілер (оның ішінде ЖК мен ШҚ иелері өз жұмыскерлері үшін) 2018-2019 жылдары – 1,5%, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап – 2%, жеке тұлғалар 2018-2019 жылдар төлемейді де, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЖК (өз үшін) 1,4 еселенген ең төменгі жалақыдан – 5%, АҚК негізінде еңбек ететін тұлғалар 2020 жылғы айлық табысынан – 1%, 2021 жылдан бастап – 2%, өзге санаттар ең төменгі жалақыдан – 5%. Мемлекет 2020 жылы жеңілдігі бар санаттар үшін мемлекеттік статистика органы тарапынан өткен 2 жылға бекітілген орташа айлық жалақының 1,4% көлемінде жарна аударды, жұмыс беруші жалдамалы жұмыскерлердің табысынан алынатын жарнаны ұстап қорға аударып отырады (2020-2021жж – 1%, 2022ж – 2%).

**Айгүл АХАНОВА,**  
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтіншілерді қарау жөніндегі бөлімінің сарапшысы.

### САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫ 13.05.2019 ЖЫЛ

Сауда орынының атауы	Ақ күрші, кг	Сауда орынының атауы	Бірінші сорттың бөлігі ұны, кг	Сауда орынының атауы	Қарақұмық жарма, кг	Сауда орынының атауы	Бірінші сорттың ұнын жасалған қалың пішін (болса)	Сауда орынының атауы	Сыра етігі	Сауда орынының атауы	Тұрақ жұмырқасы, он дәнше	Сауда орынының атауы	Ақ қураштық қорғасын, кг	Сауда орынының атауы	Бақты піші, кг	Сауда орынының атауы	Сәбіз, кг	Сауда орынының атауы	Қарпоп, кг	Сауда орынының атауы	Ақ сап-құрақкер, кг
1 Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	180	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	82	Small	110	Қызылорда	45	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК**	1350	Мирас	240	Ажар	145	Magnum	165	Сыбаға	130	Ажар	80	Magnum	199
2 «Small» СУ	224	Қызылорда	113	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	120	Ажар	48	Сұлтан	1500	Ажар	240	Сыбаға	150	Ажар	175	Small	135	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	85	Small	200
3 «Ажар» СУ	225	Ажар	120	Magnum	129	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	50	Мирас	1500	Мирас	260	Мирас	160	Сыбаға	180	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	135	Сыбаға	100	Қызылорда	228
4 «Қызылорда» СУ	225	Мирас	124	Қызылорда	140	Мирас	55	Айтбек	1500	Қызылорда	280	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	170	Мирас	195	Ажар	140	Мирас	105	Ажар	230
5 «Magnum» СУ	239	Сыбаға	124	Мирас	140	Small	63	Magnum	1665	Magnum	290	Small	189	Қызылорда	202	Қызылорда	149	Magnum	116	Мирас	240
6 Сыбаға бағары	250	Small	126	Ажар	150	Magnum	65	Small	1790	Small	300	Қызылорда	198	Small	205	Мирас	155	Қызылорда	128	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	245
												Magnum	241			Magnum	191	Small	399	Сыбаға	250

Ескертпе: Әлеуметтік дүкен ӘКК\*\* - сырт еті Екі базар жанындағы және Универсам м/а орналасқан әлеуметтік дүкендерде сатылады.

## Хабарландыру

2019 жылдың 13-26 мамыр (қоса алғанда) аралығында Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен электронды үкімет веб-порталы арқылы (www.e.gov.kz) көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін арттыру мақсатында облыс тұрғындарын ынталандыруға бағытталған «Барлығына бірдей, әркімге қолжетімді» акциясы өткізілетіндігін хабарлаймыз. Портал арқылы:

- әрбір 350-ші қызмет алушыға қартридер және ақпарат тасығыш (флешка)
- әрбір 370-ші қызмет алушыға смартфон
- әрбір 530-шы қызмет алушыға планшет
- әрбір 720-шы қызмет алушыға фотоаппарат
- әрбір 1000-шы қызмет алушыға ноутбук
- 3500-ші қызмет алушыға теледидар сыйға тартылады.

Акция төмендегі электронды мемлекеттік қызметтерді пайдаланушылар арасында жүргізіледі:

- 1) Көмелетке толмаған балалардың мүлкіне нелік ету және көмелетке толмаған балаларға мұра рәсімдеу үшін анықтамалар беру.
- 2) Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою.
- 3) Көмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді рәсімдеу үшін қорғаныштық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру.
- 4) Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу.
- 5) Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу.
- 6) Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға қолдамалар беру.
- 7) Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу.
- 8) Медициналық қызметке лицензия беру.
- 9) Фармацевтикалық қызметке лицензия беру.
- 10) Тұрғын үй көмегін тағайындау.
- 11) II, III және IV санаттардағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру.
- 12) Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру.
- 13) Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту.
- 14) Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру.
- 15) Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу.
- 16) Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну.
- 17) Архивтік анықтамалар беру.
- 18) Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалданған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім

қабылдауы.

19) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында сарапшылық жұмыстарды және инженерингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау.

20) Неке кинолы (ерлі-айыпшылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жабжаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.

21) Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жабжаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.

22) Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру.

23) Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру.

## Құрметті сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар!

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер аумағынан Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды импорттау кезінде, тауарлардың жалпы құнының 12% мөлшерінде қосылған құн салығы 103115 төлем қолына (ЕАЭО аумағынан импортталған тауарларға қосылған құн салығы) төленеді. Қосылған құн салығы тауарларды алушының тіркелген мекен-жайы бойынша өндіріледі.

Осыған байланысты, Сізге тұрғылықты жеріңіз бойынша салық органына келесі салықтық кезеге дейінгі айдың 20-нан кешікпей қағаз нұсқасында және электронды түрде не тек электронды түрде импортталған тауарлар бойынша жанама салық туралы декларацияны (СЕН 320.00) тапсыруыңыз қажет.

Бұдан басқа, қосылған құн салығын тұрған жеріңіз (тұрғылықты жеріңіз) бойынша келесі салықтық кезеге дейінгі айдың 20-нан кешікпей төлеуіңіз тиіс екендігін ескертеміз.

Аталған декларациямен бір уақытта салық төлеуші Тауарды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініші (СЕН 328.00) қағаз нұсқасында (төрт данада) және электронды түрде, не тек электронды түрде салық органдарына ұсынуыңыз қажет.

Тауарды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- жанама салықтарды төлеу туралы банктік түбіртегі;
- тауарға ілесіп құжаттар;
- келісім-шарт (мәміле);
- сәет-фактуралар және т.б. құжаттар.

Декларация мен арызды электронды түрде тапсырған уақытта аталған құжаттар тапсырылмайды.

Жоғарыда аталған салық есептілік нысандары уақытында не болмаса тапсырмаған жағдайда, салық төлеуші «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 272-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бірінші «ескертпе», егер де әкімшілік жазаға тартылған кейін бір жыл ішінде қайталаса «15-тен бастап 75 айлық есептілік көрсеткішке дейін айыппұл (37875-189375 теңге) салынады.

Сонымен қатар, жанама салықтарды төлемеген, не толық төлемеген не болмаса уақытылы төлемеген жағдайда, жеке және заңды тұлғалар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 287-бабының 1-тармағына сәйкес «10-нан бастап 50 айлық есептілік көрсеткішке дейін айыппұл (25250-126250 теңге)» салына отырып әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Анықтамалары: 23-50-54.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

## Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау» компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

Төмендегі қызмет түрлері оңайынан түрде [www.services.atameken.kz](http://www.services.atameken.kz) порталы арқылы көрсетіледі:

1. Бұхгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтініштерін сүйемелдеу;
3. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтініштерін сүйемелдеу;
4. Заң қызметтері;
5. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтері;
6. Ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кенес беру қызметтері;
7. Мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтері;
8. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы қызметтері.

Кәсіпкерлікті орталықтарының мекен-жайлары:

Арал ауданы – Арал қ., Бактыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Өйтеке би кенті, Өйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;

Қазалы ауданы – Қазалы қаласы, Жалтанов баһадур к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Қоңырбаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199

Сырдария ауданы – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.: 8/72436/79179;

Шиели ауданы – Шиели кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;

Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

Анықтамалар үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.

Call-Center - 1432.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналасырғаңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ректораты мен ұжымның филология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым-ұстаз

Нұрахметов Ермахан Нұрахметұлының қайтыс болуына байланысты марқұмын отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

# «Ақмешіт жастары» достарын шақырады



Облыстың медиа кеңісінде жап-жаз газет бар. Авторларының назары да – жастар мәселесінде. Бүгінгідей заман смартфон билеген заманда салмақты сөз, орнықты оймен қазақ жастарын серіптетіп басылым керек. Ал айтары айқын «Ақмешіт жастары» осы міндет жолында, көп жоқтық ессін түгендеуге еңбек етіп келеді. Кеше редакция ұжымы аймақтағы жастар орталық мамандары, студенттердің қатысуымен «Ақмешіт жастары» достарын шақырады кездесу өткізіп, трендтегі тақырып: аулан, ауылдардағы жастар жағдайы, басылым турасындағы ұсыныс-пікірлерді талқыға салды.

Айдана ЖУМАДИНОВА.



Кездесу Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа қалада, су жаңа Жастар орталығында өтті. Еңселі ғимараттың сәні мен салтанаты бөлек, бұл күн әдемі естелік пен есті әңгімеге толы болды. «Ақмешіт жастарының» алғашқы әрі қазіргі бас редакторы Айжан Абдуллаева басылымның соңғы жаңалықтарымен бөлісіп, газеттің онлайн нұсқасын дамыту жолға қойылғанын атап өтті. Мына қызықты қараңыз: әлемдік баспасөзге жыл сайын шолу жасайтын халықаралық медиа ұйым мәліметтеріне сүйенсек, бүгінде әлем бойынша

2 млрд-тан астам ересек адам газет оқиды. Әрине, цифрландыру платформасына сәйкес, газеттің онлайн нұсқасының да аудиториясы артып келеді. Әлемдегі ғаламтор тұтынушыларының 40 проценті газеттің электрондық нұсқасына күнделікті шолу жасап отыруды әдетке айналдырған. Байқағанымыздай, адам бар жерде ақпарат бар, ал ақпаратты қажет етпеу, басылымсыз-ақ өркеніетке ұмтылу мүмкін емес.

– Газетті гаджет алмастыра бастаған уақытта ақпарат айдынына қосылған «Ақмешіт жастарының» да шыға бастағанына биыл – 6 жыл. Жастар басылымы жастар саясатының тұжырымдамасына негізделген мәселелерді насихаттап отыр. Бұған дейін 12 бет болып шыққан басылым қазір D2 форматына көшті. Сегіз бет, айына бір рет оқырманға ұсынылатын 40-қа жуық беті, 150-ден астам айдары бар. Редакция ұжымын әрқашан оқырманның талап-тілегімен жұмыс істеген қызықтырады, қазіргі трендтегі тақырыптарды талқылау, оқшау ойлар, ұсыныс-пікірлер шабыттандырады. Мәселен,

қазір газеттің барлық айдар атаулары латын қарпімен жазылады, – деді газеттің бас редакторы. Редакция ұжымының дені – жастар. Еңбек жолын «Ақмешіт жастарынан» бастаған мамандардың біразы облыстың маңдайалды басылымдарында, телеарналарда табысты еңбек етіп жүр.

– Жас мамандардың шеберханасы сынды осынау ұжымның идеясы мен креативті бастамалары оқырманның алдағы уақытта да тәтті етеген сенімдеміз, – деді Айжан Абдуллаева.

Жиында «Болашақ» университетінің ректоры Қуаныш Дәуренбеков 5800 студент білім алатын оқу орнында екінші маусымға газетке жазылу науқаны жүріп жатқанын айтты. Сондай-ақ, бұдан былай басылымға жазылу студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі арқылы жүргізуі ұсынды. Ал журналистер қазір жастардың бизнес жоба, стартап идеяларын жиі жариялап, кәсіпкерлердің жетістігін жіберген кәсіпкермен бірге көрсетіп жазса, оқырманға қызықты деген ойын айтты.

Ал «Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығы» мекемесінің директоры Әділ Ибрахим мәселе газетте емес, мәселе жастардың санасында екенін жеткізді. – Қазір әлеуметтік желінің қысқа-нұсқа ақпаратын оқып үйреніп қалған жастар, газеттің сапалы дүниесін ұғына алмайтын деңгейге жетті, – дейді ол.

Жастарды ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеуге, кәсіпкерлікке шақырған ол, бүгінде жастардың ауылға барғысы келмейтінін атап айтты. Елді мекендерде айлығы 70 мың теңгеден кем емес 20 жұмыс орны бос тұрғанын, ал жоғары оқу орнын бітірген жас мамандарды шақыра алмағанын жеткізді. Сондықтан бұл мәселе де газет тілшілерінің назарында болса дейді ол.

Кездесу соңында қатысушылар «Сыр медиа» ЖШС ғимаратына арнайы келіп, редакция ұжымының жұмыс барысымен танысты.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

ОНЕР

Табиғат-Ананың кереметін суретке сыйдырған шебердің туындысының газетіңізде шек жоқ. Құнды бір тілмен айтып көркемдеген тәрізді. Кеше С.Айтбаев атындағы Көркемсурет галереясында өткен Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, білім беру ісінің үздігі Қуанышбай Ембергеновтің «Кенеп бетіндегі Сыр табиғаты» атты жеке шығармашылық көрмесіндегі таңғажайып картиналарға қарап осындай ой түйдік. Көрмеге суретшінің шәкірттері, әріптестері мен аймақтағы қылқалам шеберлері қатысты.

## Кенеп бетіндегі керемет



– Бүкіл ғұмырын бейнелеу өнеріне арнаған Қуанышбай Ембергеновтің туындылары өз алдына бөлек әлем. Жан дүниесі қандай болса суреттері де сондай көркем. Оның қаламынан шыққан қай сурет болмасын, көрген жанды бей-жай қалдырмайды, – деді суретшінің шәкірті Дәурен Жүсіпов көрменің ашылу салтанатында. Автордың «Сырдария», «Күсмұрын тауы», «Майданнан хат», «Бесарық», «Абыз» сынды туындылары композициялық құрылым мен нәзік түстердің шешімі бірқалыпты тұнық та пайымды үйлесім тапқандығымен ерекше. Қылқалам шебері шабытты туған жердің табиғатынан алатын көрінеді. Оған ерекше толғаныспен салынған Сыр өңірінің көріністері дәлел.

Шарада Қуанышбай Ембергенов қатысушыларға әрбір суреттің тарихы мен ерекшелігін таныстырды. Суретшілік өнермен қатар шәкірт тәрбиелеп, кейінгі толқынның шеберлігін шыңдаған маманның көрмесі бірінші рет өтіп жатқан жоқ. 2009 жылы Қызылорда облысының 70 жылдығы мен шаһардың 190 жылдық мерейтойы аясында «Сырдың сырлы бояулары» деген атпен өтсе, сол жылы Қорқыт ата кесенесінде туризмді дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Әлемнің 52 мемлекетінен келген қонақтар автордың туындыларын тамашалаған болатын.

Ғалия БИСЕЙІТ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті.



АПЫРАЙ-Ә!

## Қазақтар – тойға, өзбектер тірлікке бара жатыр

Жақында Қызылордаға қарай жолға шықтым. Құдай бере салған «Семей-Қызылорда» пойызы баяғы. Семейден келе жатқаны бар, Алматыдан мінгеніміз бар, вагон жолаушыға лық толы. Қарап отырмай қасындағылардан сұраймын: «Қайда бара жатырсыңдар? Қайдан келе жатырсыңдар?» деп. Бірі тойға, енді бірі асқа бара жатыр. Үшінші біреу құдалықтан қайтып келеді. Ал мына біреуі бетауарға ғана қатысыпты. Мен де сол тойшының біреуімін.

Келесі күні тойды бітіріп Қызылордадан Алматыға шықтым. Мұнда да сол, тойға бара жатқандар, тойдан келе жатқандар. Үстел үсті толған тойдың асы. Ағайындар сарқытты аймай салып жіберген. Жолай Шымкенттен кеудесін жапқан сақалы келбетіне жарасқан бір өзбек асқал мінді. Жанында кемпірі. Құрметтеп тәр ұсындым, ыстық-ыстық шай тасыдым. Асқал ықпалас қойып, бері бұрылды. Маған кереті әңгіме, сұрақ қойып, сұыр-пақтап сыр тартамын. Самарқан облысында тұралы екен. Жасы сексенге толпыпты. Кемпірі жетпіске енді келген.

Бәрекелде, жас қызды қаққан екенсің, – десем, иығы селкілдеп күледі.

Шай ішіп, терлеген асқал пойыз терезесінен кең жазира жерімізге сұқтана қарап, басын шайқайды. «Не деген кең жер! Бәрі бос жатыр!» деп таңырқайды. Бір бекетке келгенде: – Қазақтар жалқау гой, тым болмағанда үйлерінің манайына жайытып жеміс етіп қоймай ма? – деді ренжіп. Расында бекет басы ыбырсып жатыр. Ырымға жалғыз ағаш көрінбейді. Көзкеңек біткен бекет басынан тиянақ таба алмай, бет-бетіне безіп кеткен.

– Бізде су жоқ, су болмаған соң жеміс есе ме? – дедім. Асқал сол дер екен деп әдейі айттым.

– Жалқауға сылтау көп. Жердің асты толған су емес пе? Бізде – Самарқанда да су жоқ. Скважина қазып алғанбыз, екі гектар жерімізді сонымен суарып отырмыз, – дейді асқал тағы да басын шайқап. Бұл жолғы басын шайқап таңырқауы жердің бос жатқанына емес, жалқаулықтан басқа ештеңе жоқ деп таңырқағанына ұқсап кетті.

Бұдан арғы әңгіме жерге, егіншілікке байланысты өрбеген. Төрт ұлы бар екен. Төр-

теуі де отбасын құрған, балала-шағалы. Барлығы-дағы бір үйде тұратын көрінеді. Жалақы алып, ешқайсысы жұмыс істемейді. Жабдылып айналдыратыны екі гектар бақты күту, соның жемісін сату. Төрт отбасын сол екі гектар жер молынан асырап отырған көрінеді.

– Екі гектар бақ төрт отбасын асырауға қалай жетеді? Мүмкін емес! Асқалды сөйлестек боп, әдейі солай деймін.

– Әй, қазағым-ай, – дейді асқал таласпай. – Жер алдамайды, еңбегіңді еселеп береді...

Арада апта өтті ме, өтпеді ме, тағы бір тойдың хабары жетсін. Қазығұрттағы қарындасым мен күйеу бала келін түсіретін болыпты. Қалай бармайсың?! Шымкентке қарай пойызға отырдым. Көршім мақтаншақ шал, есіп сөйлеп отыр. Алматыдан тойдан қайтқан беті екен. Той жасаған інісі мейрамханаға бес жүз адам шақырыпты. «Менің ініммен ойнаған екенсің?» деп, сол екі арада мені кінәлі қып қояды. Қасында кемпірі. Екінші бір көршім Шымкентке бесікке саларға асығуы.

Сонымен Қазығұрттағы тойды да тындырып, Сарыағаш жақтан автобуска отырдым. Ол жақтан да көргенім тойдан қайтқан қазақтар. Бірақ олар көп емес, жолаушының дені өзбек жігіттері.

– Қайда бара жатысыңдар, тойға ма? Мысалы мына мен тойдан қайтып барамын. Үйлену тойынан, – деймін оларға әдейі не дер екен деп.

Топтанып тұрған өзбектер бір-біріне қарайды. – Көктемде адам үйлене ме? Есі дұрыс адам күзде үйленбей ме? – дейді бірі.

– Біз тойға емес, тірлікке бара жатырмыз, – дейді тағы біреуі.

Олар мыр-мыр күледі. Мен де күліп тұрмын. Бірақ менің күлкім басқа күлкі.

Өзбек туралы әңгіме қозғалып қалған соң, мынаны да айта кетейін.

«Бұрын өзбекті саудагер халық дейтін еді, енді қазақ сауданы өзбектен асырып жіберді» деп пікір айтатындар кездесіп қалып жүр. Білмеймін, біліп айтты ма солар, білмей айтты ма, әлде әлдене айтқысы келген соң айта салды ма?

Ресми дерекке сүйенсек, 2 миллион 500 мың өзбек сыртта жұмыс істеп, ақша тауып жүреді екен. Нақты саны бұдан әлдеқайда көп екені анық. Өйткені есепте жоқтар есепте жоқ қарағанда қашан да арық қой. Олардың Қазақстанда жүргенін айтып қайтейік, көпшілігі Ресейден нәпақа теріп кеткен. Еуропа кезіп кеткендері де көп. Оңтүстік Кореяда, АҚШ-та және біз біле бермейтін тағы басқа жерлерде де жүре берсе. Олар тапқан табыстарын оңды-солды шашпайды, дереу бақ арқылы еліне жөнелтеді. Оны өз көзіммен көрдім.

Енді қарапайым есепке жүгінейік. Әр өзбек айына үйіне банк арқылы орта есеппен 500 доллар жібереді делік. Сонда 2 500 000 адам × 500 \$ = 1 250 000 000 \$. Бұл қандай сан? Кәтелеспесем, 1 миллиард 250 миллион доллар. Бұл ай сайын Өзбекстанның банкісіне түсіп жатқан қаржы. Ай сайын? Қалай? Қазақстанға келді деп бөрікті аспанға ағатын мынау деген инвестициядан асып тұрған жоқ па?

«Азаттық» радиосының сөзіне сенсек, «тек ресми банк ауауымыздың ғана тіркейтіні Ресей орталық банкінің дерегі бойынша, 2012 жылы мигранттар Өзбекстанға 5,7 миллиард АҚШ доллары шамасында қаржы аударған» екен.

Осына ақшаға олар не сатты? Білетінің күшін сатты. Ал біздің қазақ не сатып өзбектен озып жүр? Қазақтың саудагерлері шетелдің бұйымын (көбісі қытайдың заты) елге тасып, қазақтың ақшасын сыртқа қарай ағызып әлек.

Өзбектің саудагерлері болса, ақша дариясын өздеріне бұрып қойған.

Бұл енді сауда жөнінен өзбектен асып кеткендік пе, жоқ па? Білектің күшін сату қай қазақтың ойына келіпті?

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ, жазушы.

## Мамыр 18 Тарихта осы күні

1898 – жергілікті өзбектерден, қазақтардан, қырғыздардан құралған 2 мың адамдық көтерілісші топ Әндіжан қазармасына қарсы шабуыл бастады. Қаруларының нашарлығынан жеңіліске ұшырады. Көтерілісшілерден 415 адам әскери дала сотына берілді, 380-і өлім жазасына келді.

1918 – Грузия өзін Россиядан тәуелсіз ел деп жариялады.

1919 – халық батыры Амангелді Иманов қаза тапты. «Қазақстан» энциклопедиясының I томында: «Амангелді қазақ азаматтарын бір-біріне қарсы қойған аласпақтан уақыттың алмағайып саясатының құрбаны болды», деп орынды жазылған.

1920 – қазіргі Рим папасы Иоанн Павел II өзбеге келді. Өзінің тірліктегі аты-жөні Кароль Войтыла. Поляк.

1936 – қазақтың көрнекті ақыны Олажас Омарұлы Сүлейменов дүниеге келді. Олажас жыры – қазақ рухының асқақтығының айғағы. «Ая и Я» атты зерттеу кітабымен кешегі кеңес дәуірінде қоғамдық жүйенің жұтқандығын аңғартқан да бар.

1956 – планетаның ең биік шыңдарының бірі – Лхоцзе бағындырылды. Оған алғаш көтерілгендер – швейцариялық Фриц Лузингер мен Эрнест Райсс.

1974 – Үндістан ядролық сынағын сәтті өткізіп, атом қаруы бар елдердің қатарына алтыншы болып қосылды.

1989 – М.С.Горбачевтің Қытайға сапары аяқталды. Оның бұл келісі Пекиннің (Бейжің) Тяньаньмэнь алаңындағы шеруге шыққан студент жастарды одан сайын желіктіріп жіберді. Ол шерудің аяғы 4 маусымда қан төгіспен аяқталған.

1991 – Британиялық тұңғыш ғарышкер-әйел Хелен Шармен советтің «Союз ТМ 12» кемесімен ғарышқа көтерілді.

2001 – әлемге әйгілі Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Қазақ елінің ордасы – Астана қаласына жеткізілді.

«Адамзат күнтізбесі» кітабынан.

### Сатып аламыз

«Қызылорда Игілігі» корпоративтік қоры көлемі - 65 ш.м., салынған мерзімі - 2019 ж., жер телімі 6 сотықтан кем емес, бағасы - 4 500 000 теңгеден 100 жаңа тұрғын үй сатып алатынын хабарлайды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тоқмағанбетов көшесі 27/68. Тел.: 8/724-2/40-12-14, 8-777-384-10-10.

(7-5)

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.